



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ
ДАМУ МИНИСТРЛІГІ



ҚҚДИ
РУХАНИ ЖАҒҒЫРУ

Қазақстандық
қоғамдық
даму
институты

«АУЫЛ ОТБАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ПОРТРЕТІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ
ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША ЕСЕП

АНАЛИТИЧЕСКИЙ ОТЧЕТ
ПО РЕЗУЛЬТАТАМ СОЦИОЛОГИЧЕСКОГО
ИССЛЕДОВАНИЯ НА ТЕМУ:

«СОЦИАЛЬНЫЙ ПОРТРЕТ СЕЛЬСКОЙ СЕМЬИ»



НҰР-СҰЛТАН - 2021

**«Ауыл отбасының әлеуметтік портреті» әлеуметтанулық зерттеуі /
Нұр-Сұлтан: «Рухани жаңғыру» ҚҚДИ» КеАҚ, 2021. – 200 б.**

Әлеуметтанулық зерттеу Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің тапсырысымен жүргізілді.

**Социологическое исследование «Социальный портрет сельской семьи» /
Нур-Султан: НАО КИОР «Рухани жаңғыру», 2021. – 200 с.**

Социологическое исследование проведено по заказу Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ
ДАМУ МИНИСТРЛІГІ



«АУЫЛ ОТБАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ПОРТРЕТІ»

ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ
ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША ЕСЕП

ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУ БАҒДАРЛАМАСЫ	4
1. Бағдарламаның әдіснамалық бөлімі	4
2. Бағдарламаның әдістемелік бөлімі	7
I ТАРАУ. АУЫЛ ОТБАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК АХУАЛЫ	10
1.1 Респонденттердің әлеуметтік-демографиялық бейнесі	10
1.2 Отбасылық өмірге қанағаттануы	14
1.3 Ауыл отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайы	23
1.4 Ауыл отбасының денсаулық жағдайы	32
1.5 Ауыл отбасының көші-қон көңіл-күйінің себептері мен факторлары	35
II ТАРАУ. БАЛАЛАРҒА ИНВЕСТИЦИЯ САЛУ	41
2.1 Ата-аналар мен балалардың уақытты бірге өткізуі	41
2.2 Балалардың білім алуына инвестиция салу	44
2.3 Ауыл ата-аналарының балалармен өзара іс-қимылындағы ұстанымдары	50
III ТАРАУ. МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ ТУРАЛЫ ХАБАРДАР БОЛУ. МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР ЖҰМЫСЫН, ИНФРАҚҰРЫЛЫМ МЕН ҚОРШАҒАН ОРТА САПАСЫН БАҒАЛАУ	54
3.1 Ауыл отбасыларының мемлекеттік қолдау туралы ақпараттану деңгейі	54
3.2 Мемлекеттік органдар жұмысына қанағаттану	60
3.3 Инфрақұрылым мен қоршаған орта сапасын бағалау	62
ҚОРЫТЫНДЫ	67
1 ҚОСЫМША. ЗЕРТТЕУ ҚҰРАЛНАМАСЫ	72
2 ҚОСЫМША. СЫЗЫҚТЫҚ БӨЛУ КЕСТЕЛЕРІ	84

«АУЫЛ ОТБАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ПОРТРЕТІ»

тақырыбындағы әлеуметтанулық зерттеу бағдарламасы

1. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ БӨЛІМІ

1.1 Проблемалық жағдайды негіздеу

Әлемдік жаһандану жағдайында урбанизация және миграция процестері заманауи қоғамның ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады. Қазақстанның ұлан-ғайыр аумақта орналасқанын және ауданы бойынша әлемде 9-шы орынды иеленетінін ескерсек, елдің әкімшілік-территориялық басқаруында кідіртпей шешуді талап ететін бірқатар стратегиялық проблемалар бар: игерілмеген жерлер, ауылдардың күйреуі, урбанизация мен ішкі миграциядан туындаған өңірлердегі халықтың тығыздығының біркелкі болмауы.

Осы мәселеде ауылдық елді мекендер ерекше және маңызды рөл атқарады. Ауылдық аумақтар – халықтың едәуір бөлігінің әлеуметтік-экономикалық дамуы билік пен басқарудың барлық деңгейлерінің міндеті болып табылатын тұрғылықты мекен¹. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес 2020 жылғы қыркүйектегі жағдай бойынша ауыл халқының өңіраралық миграция сальдосы 53 909 адамды құрайды және теріс динамикаға ие. Негізінен, ауыл тұрғындары жақсы өмір, жұмыс және т.б. іздеп қалаларға көшеді.

ҚР Үкіметі қабылдаған өңірлерді, оның ішінде ауылдарды дамыту жөніндегі мемлекеттік шараларға қарамастан (Қазақстан Республикасының Ауылдық аумақтарды дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік ке-

шенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Өңірлерді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы және т.б.), ауыл халқының өмір сүру деңгейін едәуір арттыруды тежейтін ауылдық жерлерде инфрақұрылымды қалыптастырумен, сапалы жолдар салумен, цифрлық инфрақұрылымды дамытумен байланысты бірқатар мәселелер ішінара шешілмеген күйінде қалып отыр.

ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша 2020 жылдың 1 желтоқсанына Қазақстан халқының саны 18 852 802 адамды құрады, оның 59,03% (11 129 250 адам) қала халқының үлесінде, ауыл халқының үлесі – 40,97% (7 723 552 адам). Ауыл тұрғындарының құрылымында отбасы мұқият қадағалау объектісі болып табылады, себебі қоғамның осы маңызды институтында индивидтің негізгі құндылықтық ұстанымдары мен әлеуметтік-экономикалық ғадеті қалыптасады.

Отбасының қызмет етуінде территориялық фактор ерекше рөлге ие. Тәжірибе көрсеткендей, қала және ауыл отбасыларының үлгілері бірдей емес. Қалалық отбасы – көп түрлі, өзгермелі құрылым, ол отбасылық топқа қарағанда, әдетте, жеке индивидке бағытталған және белгілі болғандай, әлеуметтік трансформацияларға көбірек бейімделген. Ауыл отбасы – жеке индивидке емес, ауыл қауымына бағытталған құрылым, онда дәстүрлердің ықпалы көбірек байқалады.

Қазақстанда ауыл отбасыларының проблемалары, осы отбасылардың

¹ Алтухов А.И. Мировой продовольственный кризис: причины и последствия /А.И. Алтухов // Вестник Курской государственной сельскохозяйственной академии. – 2013. – No 5. – С. 2-5

өмірлік стратегиялары (материалдық-тұрғын үй жағдайлары, білім беру, медицина сапасы, басқа да қызметтерді ұсыну және т.б.), ауыл және қала халқы арасындағы өмір сапасын қамтамасыз етудегі теңсіздік және басқа да мәселелер егжей-тегжейлі зерттелмеген. Осыған байланысты зерттеуді жүргізу отбасылық саясат және мемлекеттің стратегиялық дамуы саласындағы, сондай-ақ елдің әкімшілік-территориялық басқарудағы бірқатар міндеттерін шешу үшін өзекті болып табылады.

1.2. Зерттеудің мақсаты мен міндеттері

Зерттеудің мақсаты – Қазақстандағы ауыл отбасыларының материалдық жағдайын, әлеуметтік-психологиялық көңіл-күйін зерттеу.

Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай негізгі **зерттеу міндеттерін** шешу көзделеді:

1. Отбасылық өмірге қанағаттану дәрежесін анықтау (отбасының құндылығы, отбасындағы әлеуметтік-психологиялық ахуал);
2. Әлеуметтік-экономикалық жағдайды айқындау (материалдық жағдай, тұрғын үй жағдайлары, жұмыспен қамту, табысы);
3. Отбасылық бос уақытты ұйымдастыру, дамуға инвестиция салу, балаларға қосымша білім беру және тәрбиелеу (қосымша білім беру, толыққанды демалыс, ата-аналар мен балалардың бірлесіп уақыт өткізуі) практикасын зерделеу;
4. Инфрақұрылымның даму жағдайына байланысты ауыл отбасының ең өткір проблемаларын анықтау;
5. Ауыл халқының мемлекеттік қолдау шаралары туралы хабардар болуын зерттеу (мемлекеттік қолдау, мемлекеттік бағдарламаларға қатысу, олармен қанағаттануы секілді халықтың ақпараттану деңгейін анықтау);
6. Ауыл отбасы мүшелерінің өз ден-

саулығының жай-күйіне қанағаттану деңгейін анықтау;

7. Ауыл отбасы өкілдерінің көші-қон көңіл-күйінің сипатын зерделеу (тұрғылықты жерін ауыстыру ниеті, себептері);

8. Эмпириялық мәліметтер негізінде ауыл отбасының әлеуметтік портретін қалыптастыру.

1.3. Зерттеу гипотезалары

1. Әлеуметтік-психологиялық және әлеуметтік-экономикалық сипаттағы бірқатар проблемалардың болуына байланысты Қазақстанда ауыл отбасының отбасылық өміріне қанағаттану деңгейі жоғары емес.

2. Ауыл отбасының проблемалары негізінен әлеуметтік-экономикалық сипатқа ие. Ауыл отбасының табысы төмен болғандықтан қалалық отбасыға қарағанда мемлекеттік қолдауды қажет етеді, көптеген ауыл тұрғындары мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыға өмір сүруге мәжбүр. Ауылдарда жұмыссыздық деңгейі айтарлықтай жоғары және халықты жұмыспен қамту проблемасы жұмыс орындарының жоқтығынан әлі күнге дейін шешімін таппай отыр.

3. Ауыл отбасы отбасылық демалыстың пассивті формаларының үстемдігімен, балалардың қосымша білім алуына мүмкіндігінің шектеулігімен, балалардың болашағына инвестиция салудың төмен деңгейімен сипатталады. Қосымша білім беру қызметтерін таңдау шектеулі болып қалуда (дәстүрлі музыкалық аспаптарда ойнау, би үйірмесі).

4. Ауыл отбасының инфрақұрылымдық даму жағдайына байланысты ең өткір проблемалары ауыл тұрғындарының ауыз суға қол жетімсіздігі, балалар мен жастардың (спорттық және сауықтыру мекемелері мен мәдениет бағытындағы мекемелердің) дамуы үшін мүмкіндіктердің болмауы, ұялы және интернет байланысының сапасы.

5. Ауыл отбасының мемлекеттік қол-

дау шаралары туралы ақпараттану деңгейі төмен. Көбіне ауыл тұрғындары көп балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар, атаулы әлеуметтік көмек туралы хабардар.

6. Негізінен ауыл тұрғындары са-лауатты өмір салтына жеткілікті көңіл бөле отырып, өз денсаулығының жағдайына қанағаттанады.

7. Ауылдық территорияларға тән проблемалардың болуы, жұмыссыздық, жастардың дамуы үшін шектеулі мүмкіндіктер (қосымша білім алу, спортпен шұғылдану мүмкіндіктерін қоса алғанда), қала өмірінің «тартымды» факторлары, әсіресе, жастар арасында көші-қон көңіл-күйінің өсуіне ықпал етеді. Бұл, бір жағынан, ауыл халқының қартаюуына және екінші жағынан, біліктілігі, қалада жеке баспанасы жоқ, әдетте, білімсіз, қалалардағы маргиналды жастардың тым көп болуына алып келеді.

1.4. Зерттеу объектісі мен тақырыбы

Зерттеу объектісі – ауыл отбасы.

Зерттеу тақырыбы – ауыл отбасының әлеуметтік ахуалы.

1.5. Негізгі ұғымдар интерпретациясы

Отбасы – некеден (ерлі-зайыптылықтан), туыстықтан, жекжаттықтан, бала асырап алудан немесе балаларды тәрбиеге алудың өзге де нысандарынан туындайтын және отбасы қатынастарын нығайту мен дамытуға септігін тигізуге арналған мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерге байланысты адамдар тобы («Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы

№518-IV Кодексі, 1-бап, 29-тармақ).

Әлеуметтік ахуал қоғам, оның әртүрлі әлеуметтік топтары және жеке адамдар жағдайының жетекші көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Ол адамдар, топтар және жалпы қоғамдағы қарым-қатынастың эмоциялық деңгейін, олардың әлеуметтік құрылымдағы орнын, әлеуметтік қатынастар жүйесіне қатысу дәрежесін белгілейді.

Мемлекеттік қолдау – мемлекеттік билік органдарының азаматтардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға және бизнесті дамытуға бағытталған ұйымдастырушылық, құқықтық және қаржылық сипаттағы шешімдері мен іс-әрекеттерінің жиынтығы.

Әлеуметтік-психологиялық климат – (грек. klima (klimatos) – еңкеу) – нәтижелі бірлескен іс-әрекетке және топтағы тұлғаның жан-жақты дамуына ықпал ететін немесе кедергі келтіретін психологиялық жағдайлардың жиынтығы түрінде көрінетін тұлғааралық қатынастардың сапалы сипаты.

Отбасының патриархалды түрі – отбасылық қатынастардың ерекше тұрақты түрі, оның жеке ерекшеліктері елімізде 60 жылдардың ортасына дейін сақталды. Бұл, әдетте, авторитарлық отбасылар, авторитарлық басқару стилі бар шағын абсолюттік мемлекет. Отбасы басшысының беделі даусыз: отбасы өмірінің барлық мәселелерін (шаруашылық-экономикалық, құқықтық, саяси, тәрбиелік) шешу тек ер адамның қолында болды.

Эгалитарлық отбасы – демократиялық қатынастарға, ер мен әйелдің теңдігіне, серіктестік қатынастарға, барлық дискриминацияны жоюға негізделген отбасы.

2. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ӨДІСТЕМЕЛІК БӨЛІМІ

2.1. Іріктеме көлемін анықтау

Іріктемелі жиынтық көлемі 1200 респондентті құрайды. Әлеуметтанулық зерттеу жүргізу аумағы Қазақстан Республикасының 14 облысының ауылдық елді мекендерін қамтиды.

Зерттеуде квоталық көп сатылы стратификацияланған іріктеу қолданылады.

Жаппай сауалнама аясында ақпарат жинау респонденттердің тұрғылықты жері бойынша жүзеге асырылады.

1 қадам. Әр облыста ауылдық іріктеменің көлемі есептеледі.

Облыс аясында барлық ауылдық елді мекендер іріктемеге дербес статистика-

лық объектілер ретінде енгізіледі.

2 қадам. Сауалнама нүктелерін іріктеу – қалалық және ауылдық елді мекендерде осы елді мекеннің картографиялық тізімінен шағын аудандар мен көшелерді қарапайым кездейсоқ іріктеу жүргізіледі.

3 қадам. Үй шаруашылығын іріктеу – бағдар бойынша бастапқы нүктеден «сол қол» ережесі бойынша ауыл отбасының мүшесі мәртебесіне ие 1 респондент мөлшерінде бір үй шаруашылығынан белсенді сұхбатты ала отырып, ауылда іріктеудің 3 еселік қадамын сақтай отырып, үй шаруашылығы іріктеледі (сүзгі сұрақ). Бастапқы нүкте еркін таңдалады.

1-кесте. Жоба бойынша іріктемелі жиынтық, адам

Өңір	Ауылдық жерлерде тұратын 18 жасан асқан халық саны	Республика бойынша ауыл халқының жалпы санынан % үлесі	Ауылдық жерлерде тұратын 18 жасан асқан ерлер саны	Ауылдық жерлерде тұратын 18 жасан асқан әйелдер саны	Ауылдық жерлерде тұратын 1200 респонденттің іріктемелі жиынтығы	Ауылдық жерлердегі ерлердің іріктемелі жиынтығы	Ауылдық жерлердегі әйелдердің іріктемелі жиынтығы
Қазақстан Республикасы	4 984 122	100	2 479 094	2 505 028	1200	597	603
Ақмола облысы	281 684	5,65	138 855	142 829	68	33	35
Ақтөбе облысы	170 068	3,41	85 000	85 068	41	20	21
Алматы облысы	1 034 241	20,75	507 767	526 474	249	122	127
Атырау облысы	183 373	3,68	91 456	91 921	44	22	22
Батыс Қазақстан облысы	218 179	4,38	109 193	108 986	53	26	27
Жамбыл облысы	417 481	8,38	208 291	209 190	100	50	50
Қарағанды облысы	196 081	3,93	98 868	97 213	47	24	23
Қостанай облысы	277 064	5,56	135 758	141 306	67	33	34
Қызылорда облысы	277 733	5,57	141 006	136 727	67	34	33
Маңғыстау облысы	246 843	4,95	120 694	126 149	59	29	30
Павлодар облысы	156 694	3,14	77 984	78 710	38	19	19
Солтүстік Қазақстан облысы	219 349	4,40	108 129	111 220	53	26	27
Түркістан облысы	932 758	18,71	471 026	461 732	224	113	111
Шығыс Қазақстан облысы	372 574	7,48	185 071	187 503	90	46	44

*Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросының 2021 жылғы 01 қаңтардағы ағымдағы деректері бойынша

Зерттеу барысында отбасылық өмір тәжірибесі бар азаматтармен ғана сұхбат жүргізілді. Респонденттің отбасылық жағдайы туралы сұрақ сұхбаттың басында сүзгі сұрақ арқылы нақтыланды. Зерттеу барысында азаматтардың мына санаттары сұралды:

1. Тіркелген не нақты (тіркелмеген) некедегі, балалары бар немесе жоқ адамдар.

2. Тіркелген немесе нақты (тіркелмеген) некеде тұрмайтын және ұқсас тәжірибесі жоқ, бірақ балалары бар адамдар.

3. Бұрын тіркелген немесе нақты (тіркелмеген) некеде болған, бірақ қазіргі уақытта ажырасқан немесе жесір (тұл) қалған, балалары бар немесе жоқ адамдар.

4-қадам. Квотаға сәйкес респонденттерді іріктеу – әрбір жеке алынған үй шаруашылығында респонденттер екі белгі бойынша іріктелді – жынысы мен жасы (18-29 жас, 30-45 жас, 46-60 жас, 61 және одан жоғары жас). Сұралатын ер мен әйел, әртүрлі жастағы, топтағы респондент саны Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес әрбір облыс бойынша есептелді.

Іріктеме – репрезентативті, яғни алынған параметрлер бойынша респонденттердің құрамы бас жиынтықтағы тиісті пропорцияларға жуықтайды (Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының 2021 жылға арналған деректеріне сәйкес). Бұл ретте іріктемелі жиынтықтың орташа сипаттамалары бас жиынтықтың орташа сипаттамасынан ауытқуы $\pm 3,5\%$ аспайды.

2.2 Бастапқы әлеуметтанулық ақпаратты жинау үшін қолданылатын әдістер сипаттамасы

Ақпарат жинау әдісі – 18 және одан жоғары жастағы халықпен «face-to-face» тәсілі бойынша жаппай сауалнама жүргізу. Бұл әдіс отбасылық саясат мәселелеріне қатысты халықтың пікірі туралы ең объективті ақпарат алуға мүмкіндік береді. Жаппай сауалнама нәтижелері негізінде көпшіліктің көзқарасы туралы болжам жасалады.

2.3 Құралнама құрылымы

Мәліметтерді жинау техникасы ретінде логикалық құрылымдалған сұрақтама – әлеуметтанулық зерттеу сауалдамасы – бастапқы ақпаратты жинауға арналған құрал, белгілі бір ережелерге сәйкес тұжырымдалған және өзара байланысты сұрақтар жиынтығын қамтитын көбейтілген құжат алынды. Әлеуметтанулық сауалдама қасиеттері мен сапасы, оның көлемі, құрылымы, сұрақтарды құрастырудың ерекшелігі тығыз байланысты және осы құралды пайдалану көзделетін сауалнама түрімен (жаппай), сондай-ақ зерттеу объектісінің ерекшеліктерімен айқындалады.

Әлеуметтанулық сауалдаманың құрылымы үш блоктан тұрады:

1) кіріспе, респондентке зерттеу туралы ақпарат беруге бағытталған үндеу және т.с.с.;

2) негізгі, зерттелетін өзекті проблема бойынша сұрақтар жиынтығы. Бұл блокта зерттелетін проблеманың әртүрлі аспектілеріне немесе жеке тақырыптарға арналған бірнеше бөлімдер болуы мүмкін;

3) жынысы, жасы, білімі, табысы және т.б. респонденттің сипаттамалары туралы сұрақтар жиынтығын қамтитын әлеуметтік-демографиялық бөлім.

Сұрақтарды тұжырымдау – сауалдаманы құрастырудың ең қиын кезеңі. Сауалдама сұрақтары респонденттерге түсінікті, грамматикалық және лексикалық тұрғыдан қарапайым болуы қажет, сондай-ақ олардың жалпы даму деңгейін, мәдени ерекшеліктерін және зерттеу тақырыбына қатысты саладағы хабардар болу дәрежесін ескеруі керек.

Сауалдаманы құрастыру оны тексеруді, сынақтан өткізуді, нақтылауды қамтиды. Сауалдама сапасын бағалау үшін пилотажды зерттеу жүргізіледі. Оның барысында Сауалдама мазмұны, сұрақтардың тұжырымдары мен реттілігі, жауап нұсқалары және т.б. тексеріледі. Пилотаж микро-іріктемеде (10 адамға дейін) респонденттің жауаптарын, оның сұрақтардың мазмұнына реакциясын, оларды түсіну мен қабылдауды, сондай-ақ сауалнамаға жұмсалған уақытты міндетті түрде белгілей отырып, тәжірибелі әлеуметтанушымен сұхбат түрінде жүргізіледі. Мұның барлығы құралдың кемшіліктерін анықтауға, оларды түзетуге және сауалдаманы жаппай жұмысқа бейімдеуге мүмкіндік береді. Сауалнама тілі: респонденттің тілдік қалауына байланысты қазақ және орыс тілдері.

Зерттеудің далалық кезеңінде ақпарат жинауды әлеуметтік-демографиялық параметрлерге сәйкес таңдалған, арнайы дайындалған интервьюерлер жүргізді. Интервьюерлер әр респондентпен әңгімелесу кезінде сауалдаманың толтырылуын тікелей қамтамасыз етеді.

2.4 Ақпаратты өңдеу әдістемесі

Зерттеудің далалық кезеңінің нәтижелері бойынша «Рухани жағыру» қазақстандық қоғамдық даму институтының қызметкерлері интервьюерлердің жұмысын бақылауды (сауалдамаларды толтыру дұрыстығын 100% және телефон арқылы далалық жұмысты 30% тексеру), сондай-ақ кодтауды, деректерді енгізуді және өңдеуді жүзеге асырды. Далалық жұмысты бақылауды жүргізу үшін «Рухани жағыру» қазақстандық қоғамдық даму институты зерттеудің далалық кезеңінің барлық құжаттарын (сауалдамалар, бағыт парақтары, сызықтық және корреляциялық бөлулер) сақтайды және Тапсырыс берушінің сұрауы бойынша ұсынады.

Бастапқы мәліметтерді енгізу, өңдеу, сондай-ақ бір өлшемді, екі өлшемді кестелерді шығару, корреляциялық талдау SPSS орыс тіліндегі компьютерлік бағдарламасының көмегімен жүзеге асырылды.

2.5 Ақпаратты талдау әдістері

Бастапқы әлеуметтанулық ақпаратты талдаудың негізгі әдістері:

- 1) бір өлшемді мәліметтерді талдау;
- 2) екі өлшемді мәліметтерді талдау;
- 3) корреляциялық талдау.

Зерттеу кезеңі: 2021 жылғы наурыз-сәуір айлары.

Зерттеу нәтижелері бойынша «Рухани жағыру» қазақстандық қоғамдық даму институты Тапсырыс берушіге қызмет көрсету шартында белгіленген тәртіпте және мерзімде талдамалық есеп ұсынады.


I ТАРАУ. АУЫЛ ОТБАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК АХУАЛЫ

1.1 Респонденттердің әлеуметтік-демографиялық бейнесі

«Ауыл отбасының әлеуметтік пор-

треті» әлеуметтанулық зерттеуіне қатысқандардың 48,3% ер адам және 51,7% әйел (1-диаграмма).


1-диаграмма. «Жынысыңыз?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %



Респонденттерді жас шамасына қарай бөлу мынадай сипатқа ие: сұралғандар құрылымында 18-28 жастағы жастар үлесі – 22,4%, 29-45 жастағы респонденттер үлесі –

39,1%, 46-60 жастағылар – 22,3%. Зейнеткерлік және зейнеткерлік жас алдындағы (61 және одан жоғары жас) респонденттердің үлесі – 16,3% (2-диаграмма).


2-диаграмма. «Толық жасыңыз нешеде?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %



Этностар бөлінісі бойынша сауалнамаға 71,9% қазақ, 17,1% орыс

және 11% басқа ұлт өкілдері қатысты (3-диаграмма).

3-диаграмма. «Сіздің этникалық шығу тегіңіз (ұлтыңыз) қандай?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %



Негізінен ауыл отбасы үйде қазақ тілінде сөйлейді (56,0%). Сонымен қатар, әрбір төртінші отбасы олардың отбасы мүшелерінің үйде орыс тілінде сөйлейтінін атап өтті (25,4%). Екі тіл-

де (қазақ, орыс) ауыл отбасыларының 13,8% коммуникацияға түседі. Сауалнамаға қатысқандардың 2,1% үйінде өзбек тілінде, ал 1,3% ұйғыр тілінде сөйлейді (2-кесте).

2-кесте. «Сіздер үйде қай тілде сөйлесесіздер?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %

	%
Қазақ тілінде	56,0
Орыс тілінде	25,4
Екі тілде (қазақ және орыс)	13,8
Өзбек тілінде	2,1
Ұйғыр тілінде	1,3
Әзірбайжан тілінде	0,2
Күрт тілінде	0,3
Шешен тілінде	0,2
Түрік тілінде	0,2
Тәжік тілінде	0,2
Үш тілде (қазақ, орыс және күрт)	0,3
Үш тілде (қазақ, орыс және түрік)	0,2
Үш тілде (қазақ, орыс және әзірбайжан)	0,1


Ауыл отбасының сатып алу қабілетін анықтау үшін «Сіз өзіңіздің сатып алу қабілетіңізді қалай бағалайсыз?» деген сұрақ қойылды. Осылайша, респонденттердің көпшілігінің сатып алу қабілеті (респонденттердің жалпы санының 64,2%) «Ақша тек азық-түлік, киім сатып алуға, коммуналдық қызметтерді төлеуге ғана жетеді, жинақтауға ақша қалмайды» деген жауап нұсқасымен сипатталатыны анықталды. Іріктеу жиынтығы құрылымында жоғары қамтамасыз етілген азаматтардың үлесі 6,3% құра-

ды («Ақша барлығына жетеді, өзіме кез келген затты сатып ала аламын»). Ауыл отбасының 14,3% қолайлы материалдық жағдаймен сипатталады, яғни олар үшін көптеген ұзақ мерзімді қолданыстағы тауарларды (тоңазытқыш, теледидар және т.б.) сатып алу қиынға соқпайды. Респонденттердің 11,8% кедейлік шегінде өмір сүреді, оларға тек азық-түлік сатып алуға ғана ақша жетеді. Кедейлік шегінен де төмен ауыл отбасының 1,6% тұрады, оларға азық-түлік өнімдерін сатып алуға да ақша жетпейді (4-диаграмма).

4-диаграмма. «Сіз өзіңіздің сатып алу қабілетіңізді қалай бағалайсыз?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %

Орташа алғанда, ауыл отбасында айына бір адамға шаққандағы орташа табыс көзі «30 000 теңгеге дейін» (29,7%) бастап «30 001-ден 60 000 теңгеге дейін» (29,3%) жауап нұсқасы аралығында ауытқиды. Респонденттердің 18,9% бір адамға айына 60 001 теңгеден 100 000 теңгеге дейін


тиесілі екенін атап өтті. Сауалнамаға қатысқандардың 10,6% бір адамға шаққанда 100 001-ден 300 000 теңгеге дейінгі орташа табысы бар екендігі туралы жауап берді. Ауыл отбасының 2,3% ғана айына бір адамға шаққанда 350 000 теңгеден және одан да көп табыс көзі бар (5-диаграмма).

5-диаграмма. «Сіздің отбасыңызда айына бір адамға шаққандағы орташа табыс қандай?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %

Сауалнамаға қатысқандардың негізгі бөлігінің кәсіптік-техникалық, арнайы орта білімі (37,4%) немесе орта білімі (32,5%) бар. Респонденттердің 25,2%

жоғары білімі бар. Аяқталмаған жоғары және аяқталмаған орта білімі бар респонденттердің үлесі тиісінше 2,9% және 2,0% құрады (6-диаграмма).

6-диаграмма. «Біліміңіз қандай?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %



Респонденттердің арасындағы дінге сенушілердің үлесі 53,5% құрады («діншіл адаммын» және «діншіл адаммын, дінді өмірімнің маңызды аспектісі деп санаймын» жауаптарының жиынтық көрсеткіші). Респонденттердің 36,1%

өздерінің діншіл адам емес екенін айтты, бірақ олар дінді өмірдің маңызды аспектісі деп санайды. Атеистердің үлесі 2,1% және «маған бәрібір» деп жауап бергендердің үлесі 6,6% құрады (3-кесте).

3-кесте. «Төмендегілердің қайсысы Сіздің дінге көзқарасыңызды көрсетеді?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %

	%
Діншіл адаммын	38,4
Діншіл адаммын, дінді өмірімнің маңызды аспектісі деп санаймын	15,1
Діншіл емеспін, бірақ дінді өмірдегі маңызды аспект деп санаймын	36,1
Діншіл емеспін, дінді өмірдегі пайдасы жоқ аспект деп санаймын	2,1
Маған бәрібір	6,6
Жауап беруге қиналамын	1,8

Сауалнамаға қатысқандардың жұмыспен қамтылуының негізгі салалары – жеке сектор (22,6%), бюджеттік мекемелер (16,7%) және мемлекеттік қызмет (13,5%). Респонденттердің 14,5% – зей-

неткер, 11,3% – үй шаруасындағы әйелдер, 7,0% – жұмыссыз. Жеке еңбек қызметімен айналысатын азаматтардың үлесі 4,9% құрады. Салалар бойынша бөліну үлестері 4-кестеде келтірілген.

4-кесте. «Сіз жұмыс істейтін (қосымша табыс табатын) саланы көрсетесіз бе?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %


	%
Мемлекеттік қызметкер	13,5
Бюджеттік мекемеде жұмыс жасайды	16,7
Жеке меншік салада жұмыс жасайды	22,6

	%
Жалдамалы қызметкерлерді тарта отырып, өзінің жеке бизнесі бар	1,9
Жеке еңбек қызметі	4,9
Фрилансер (қызмет көрсету келісім-шартының қызметкері)	0,8
Жеке қосалқы шаруашылықта, отбасылық кәсіпорында жұмыспен қамтылғандар	4,3
Зейнеткер	14,5
Студент	1,5
Үй шаруасындағы әйел	11,3
Жұмыссыз	7,0
Мүгедектігіне байланысты жұмыс жасамайды	0,3
Сауда саласы	0,3
Өзін-өзі жұмыспен қамтыған	0,3
Декреттік демалыста	0,1

Респонденттердің 78,1% тіркелген некеде болса, 8,2% некесін тіркеместен бірге тұрады. Ажырасқандардың үлесі – 5,7%, жесірлер мен тұлдар-

дың үлесі – 7,3%, ал респонденттердің 0,8% некеде тұрмайды, бірақ балалары бар (7-диаграмма).

7-диаграмма. «Сіздің отбасылық өмір тәжірибеңіз бар ма?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %



1.2 Отбасылық өмірге қанағаттануы

Бұл бөлімде Қазақстандағы отбасы институты қызметінің маңызды аспектісі – өмірмен қанағаттану қарастырылған, ол респонденттердің отбасылық өмірімен қанағаттану деңгейі туралы тікелей мәселеден басқа, ауыл отбасының құндылық бағдарларын, отбасындағы проблемалар мен конфликт факторларын, тамақтану сапасын, көші-қон ұстанымдарын және


пандемияның отбасындағы психологиялық климатының өзгеруіне ықпалын қарастыруды қамтиды.

Зерттеу көрсеткендей, Қазақстандағы ауыл отбасының көбі нуклеарлы отбасы форматында өмір сүреді, яғни отбасы ата-ана мен балалардан немесе тек ерлі-зайыптылардан тұрады. Респонденттердің 83,7% жұбайымен/зайыбымен, сұралғандардың 68,8% балаларымен бірге тұратынын атап өтті. Бірнеше ерлі-зайыптыларды не-

месе ересектердің бірнеше ұрпағын қамтитын отбасының кеңейтілген түрі ауылдық отбасыларда кең таралмаған. Осылайша, зерттеу нәтижелері бойынша зерттеуге қатысушылардың 17,8% күйеуінің/әйелінің ата-анасымен, 14,6%

немерелерімен, 8,5% келінімен/күйеу баласымен, 4,3% жұбайының аға-інілерімен/әпке-қарындастарымен, 2,6% аталарымен/әжелерімен бір шаңырақ астында тұратыны анықталды (8-диаграмма).

8-диаграмма. «Сіз отбасы мүшелерінің қайсысымен бір шаңырақ астында тұрасыз?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %




*Жауап жиынтығы 100% көп, себебі респондентке жауаптың бірнеше нұсқасын таңдауға мүмкіндік берілді

Сұралғандардың әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары бөлінісіндегі мәліметтерді талдау Қазақстанның оңтүстік және батыс өңірлерінде тұратын қазақтар арасында отбасының кеңейтілген түрі басым екенін көрсетті. Осылайша, қазақтардың 19,4% және орыстардың 12,7% ата-аналарымен бірге тұратындарын атап өтті. Өңірлер бөлінісінде ата-аналарымен бірге тұру фактісін Атырау (52,3%), Қызылорда (31,3%), Ақтөбе (26,8%), Батыс Қазақстан (26,4%), Алматы (26,1%) облыстарының тұрғындары көбірек көрсетті. Осыған байланысты басқа аймақтарда бұл көрсеткіштер төмен, әсіресе елдің солтүстік облыстары – 10% аз.

Қазақстандық отбасыларда негізгі басым отбасылық құндылықтар –

үлкенге де, кішіге де құрмет көрсету (63,9%), салт-дәстүрлерді құрметтеу және сақтау (41%), махаббат, бір-біріне мейірімділік (37,4%) болып табылады. Сондай-ақ қазақстандықтар адалдық (23,1%), өзара түсіністік (18,8%), өзара көмек, жауапкершілік (16,9%), шынайылық (16,1%), сенімге негізделген қарым-қатынас (15,4%) сияқты отбасылық құндылықтарды ұстанады. Консервативті сипаттағы құндылықтар – патриархалдық өмір салты, көп балалы болу – респонденттердің жауаптарында ең аз үлеске ие болды, 3% аспайды (9-диаграмма). Айта кету керек, өңірлік бөліністе көп балалы болудың маңыздылығы туралы Түркістан (7,6%) және Қызылорда (7,5%) облыстарының тұрғындары көбірек айтқан болатын.

9-диаграмма. «Сіз қандай отбасылық құндылықтарды ұстанасыз?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %


*Жауап жиынтығы 100% көп, себебі респондентке жауаптың бірнеше нұсқасын таңдауға мүмкіндік берілді

Сауалнама нәтижелеріне сәйкес, қазақстандық ауыл отбасыларының басым бөлігі өзінің отбасылық өміріне көңілі толығымен толатынын атап өтті – 66,3%. Респонденттердің тағы 26,9% отбасылық өміріне «көңілі толады дегуге болады» жауап нұсқасын таңдаған. Жалпы, ауыл отбасылары арасындағы отбасылық өмірге қанағаттану пайызы 93,2% құрады.

Отбасылық өмірінің қалай өрбігеніне қанағаттанбағандардың пайызы 5,7%

құрады («отбасылық өміріме көңілім толмайды дегуге болады» және «отбасылық өміріме мүлдем көңілім толмайды» деген жауаптардың жиынтығы). Сонымен қатар, өзінің отбасылық өміріне қанағаттанбайтындардың арасында Батыс Қазақстан облысы өкілдерінің үлесі жоғары, осы өңірдегі әрбір төртінші респондент оның отбасылық өмірге көңілі толмайтынын көрсетті (24,5%) (10-диаграмма).


10-диаграмма. «Сіздің отбасылық өміріңізге көңіліңіз толады ма?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %



Ер адамдар мен әйелдердің жауаптарында да айырмашылық бар. Пайыздық қатынаста әйелдердің ер адамдардан айырмашылығы, олар отбасылық өміріне аз қанағаттанады. Мәселен, отбасылық өмірге толық көңілі тола-

тын әйелдердің үлесі сауалнамаға қатысқан әйелдердің жалпы санының 63,4% құрайды. Бұл ретте сауалнамаға қатысқан ер адамдардың 69,4% толығымен қанағаттанады (11-диаграмма).

11-диаграмма. «Сіздің отбасылық өміріңізге көңіліңіз толады ма?» сұрағына жауаптардың бөлінуі (гендерлік қатыстылық бөлінісінде), %



Респонденттердің материалдық жағдайы тұрғысынан мәліметтерді талдау арқылы отбасылық өмірге көңілі толмау отбасының қаржылық әл-ауқатының төмен деңгейімен тікелей байланысты деп болжауға болады. Осылайша, отбасының бір мүшесіне шаққанда табыс «30 001 теңгеден 60 000 теңгеге дейін» (6,0%) және «30 000 теңгеге дейін» (8,5%) болатын топтарда көңілі толмайтындардың

үлесі айтарлықтай артады. Сондай-ақ, отбасылық өмірге қанағаттанбайтындар көрсеткіші өзінің қаржылық жағдайын «азық-түлік сатып алуға ақша жеткілікті, бірақ коммуналдық қызметтерді төлеуге жетпейді» (11,3%) және «ақша азық-түлік сатып алуға да жетпейді, үнемі қарызға өмір сүруге тура келеді» (21,1%) сияқты жауап нұсқаларымен сипаттайтындар арасында жоғары болып табылады (5-кесте).

5-кесте. «Сіздің отбасылық өміріңізге көңіліңіз толады ма?» сұрағына жауаптардың бөлінуі (жан басына шаққандағы орташа табыс деңгейі бөлінісінде), %

	30 000 теңгеге дейін	30 001 теңгеден 60 000 теңгеге дейін	60 001 теңгеден 100 000 теңгеге дейін	100 001 теңгеден 300 000 теңгеге дейін	350 000 теңге және одан жоғары	Жауап беруге қиналамын
Иә, отбасылық өміріме көңілім толығымен толады	63,8	69,2	62,8	61,4	77,8	76,4
Иә, отбасылық өміріме көңілім толады деуге болады	27,1	23,9	31,9	35,4	22,2	16,4
Отбасылық өміріме көңілім толмайды деуге болады	6,5	5,4	3,1	2,4	0	2,7
Отбасылық өміріме мүлдем көңілім толмайды	2,0	0,6	0,4	0	0	1,8
Жауап беруге қиналамын	0,6	0,9	1,8	0,8	0	2,7

«Отбасыңыздағы ұрыс-керіс көбінесе қандай себептерге байланысты болады?» деген сұраққа жауаптардың нәтижесі, отбасылық өмірге көңілінің толмауы мен отбасының қолайсыз материалдық жағдайы арасындағы байланыстың бар екенін растайды. Респонденттер отбасыларындағы конфликтілер ақшаның жетіспеуінен болады деп жауап берді (32,2%). Сонымен қатар, ауыл отбасыларындағы ұрыс-керіс тұрмыстық себептерге байланысты (31,2%) орын алады. Конфликтілердің себептік қатарында балаларды тәрбиелеу бойынша келіспеушілік сияқты фактор орын алады – 8,5%. 6,3% жағдайда ауыл отбасыларындағы конфликт отбасының басқа мүшелерінің,

туыстарының отбасы өміріне араласуына байланысты болады. Сұралғандардың 4,8% отбасыларындағы қақтығыстардың себептері бірге уақыт өткізудің болмауы, 4,3% – кез-келген отбасы мүшесінің эмоциялық тұрақсыздығы екенін атап өтті. Ауыл отбасыларындағы конфликтінің ең аз таралған себептері мыналар: ерлі-зайыптылардың біреуінің ауыр жұмысына байланысты жанжалдар (2,8%), отбасы мүшелері арасындағы әртүрлі мүдделер (2,7%), ерлі-зайыптылардың біреуінің алкогольдік ішімдіктерді, есірткі заттарын пайдалануы (2,6%), ерлі-зайыптылардың біреуінің опасыздығы немесе одан күдіктенуі (1%), жыныстық қатынасқа қанағаттанбау (0,2%).

Айта кету керек, сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі (жалпы санның 40,9%), бұл сұраққа жауап бере отырып, олардың отбасыларында ұрыс-керіс жоқ деп атап өтті (6-кесте).

Корреляциялық талдау респонденттердің жасына байланысты ауыл отбасыларындағы конфликтінің кейбір ерекшеліктерін көрсетеді. 61 және одан жоғары жастағы респонденттер (52,1%) отбасында ұрыс-керістің жоқтығын жиі атап өтті. Туыстарының отбасы өміріне араласуы туралы жиі жас респонденттер айтқан (10,8%). Қаржылық қиындықтарға байланысты конфликт негізінен еңбекке қабілетті респонденттердің отбасыларында болады (18-60 жас) –

яғни үш жас тобының әрқайсысы бойынша 34% астам.

Респонденттердің материалдық жағдайы бөлінісінде мынадай өзара байланыс анықталды: табысы жоғары қазақстандықтар өз отбасыларында конфликт туындамайтынын басқаларға қарағанда жиі айтады (56%). Сонымен қатар, конфликт туындауының қаржылық факторы қанағаттанбайтын материалдық мәртебесі бар респонденттердің жауаптарында жиі байқалды, яғни «ақша азық-түлік сатып алуға да жетпейді, үнемі қарызда өмір сүруге тура келетіндер» арасында тек 21,1% отбасылық өмірінде қақтығыстар жоқ екенін атап көрсетті.

6-кесте. «Отбасыңыздағы ұрыс-керіс көбінесе қандай себептерге байланысты болады?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %

	%
Материалдық жағдай, ақшаның жетіспеушілігі	32,2
Тұрмыстық себептер	31,2
Балаларды тәрбиелеу бойынша келіспеушіліктер	8,5
Отбасының басқа мүшелерінің, туыстардың отбасы өміріне араласуы	6,3
Бірге уақыт өткізудің болмауы	4,8
Кез-келген отбасы мүшесінің эмоционалды тұрақсыздығы	4,3
Ерлі-зайыптылардың біреуінің ауыр жұмысына байланысты жанжалдар	2,8
Ерлі-зайыптылар, ата-аналар мен балалар арасындағы қызығушылықтардың әртүрлі болуы	2,7
Ерлі-зайыптылардың біреуінің алкогольдік ішімдіктерді, есірткі заттарын пайдалануы	2,6
Ерлі-зайыптылардың біреуінің опасыздығы немесе одан күдіктенуі	1,0
Жыныстық қатынасқа қанағаттанбау	0,2
Біздің отбасымызда ұрыс-керістер болмайды	40,9
Ата-ана мен балалар арасындағы түсініспеушілік	0,1
Жауап беруге қиналамын	1,9

*Жауап жиынтығы 100% көп, себебі респондентке жауаптың бірнеше нұсқасын таңдауға мүмкіндік берілді

Қазақстандық ауылдағы отбасыларды толғандыратын негізгі проблемалар ретінде 3 басты мәселені атап өтуге болады:

- 50,1% – материалдық (еңбекақының төмендігі, ақшаның жетіспеушілігі);
- 31,7% – тұрғын үй-тұрмыстық жағдайлар;
- 14,6% – жұмысқа орналасудың қиындығы.

Сауалнамаға қатысқан әрбір оныншы адам медициналық қызмет көрсетудің қол жетімсіздігі (8,3%), бірге демалу мүмкіндігінің болмауы (8,3%) және балаларды тәрбиелеу мәселелері (8,2%) оны алаңдататынын атап өтті.

Ауыл отбасыларының 5% отбасындағы міндеттерді бөлу, секциялардың, үйірмелердің балаларға қол жетімсіздігі, туыс-

тардың отбасылық өмірге араласу мен бақылау проблемалары алаңдатады.

Сауалдамада көрсетілген қалған мәселелер өзектілігі респонденттер үшін мардымсыз. Мұндай проблемалардың қатарына алкогольге/есірткіге тәуелділік, тамақтану сапасы проблемасы, құмар ойындарға салыну, отбасы мүшелерінің бірінің тарапынан қол жұмсауы, балаларды физикалық жазалау, отбасы мүшелерінің моральдық-психологиялық зорлық-зомбылық көрсетуі, яғни бұл жауап нұсқаларын сұралғандардың 2% жуығы таңдады.

Сауалнамаға қатысушылардың тек 6,2% ешқандай проблема жоқ екенін атап өтті (7-кесте).

Өңірлік бөліністе мынадай ерекшеліктер байқалады: материалдық проблемалардың өзектілігін қалған өңірлерге қарағанда Маңғыстау (71,2%), Түркістан

(68,2%), Батыс Қазақстан (66,0%) және Қостанай (64,2%) облыстарының ауыл тұрғындары жиі көрсетеді.

Тұрғын үй-тұрмыстық жағдайлар әрбір екінші респондентті Жамбыл (48,0) және Маңғыстау (52,5%) облыстарында алаңдатады.

Балаларға секциялар мен үйірмелердің қолжетімсіздігі мәселесі Шығыс Қазақстан (15,6%) және Атырау (15,9%) облыстарында байқалады.

Атырау облысы респонденттерінің (36,4%) жауаптарында медициналық қызмет көрсетудің қол жетімсіздігі басқаларға қарағанда жиі кездеседі.

Жұмыспен қамту проблемаларын негізгі проблема ретінде Атырау (36,4%), Қызылорда (22,4%), Жамбыл (18,0%), Түркістан (18,4%), Шығыс Қазақстан (20,0%) және Ақмола (17,6%) облыстарының ауыл тұрғындарын бөліп көрсетті.

7-кесте. «Отбасыңыздың негізгі маңызды проблемаларын көрсетіңіз?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %


	%
Материалдық (жалақының аздығы, ақшаның жетіспеушілігі)	50,1
Тұрғын үй-тұрмыстық жағдайлар	31,7
Жұмысқа орналасудың қиындығы	14,6
Медициналық қызмет көрсетудің қол жетімсіздігі	8,3
Бірге демалу мүмкіндігінің болмауы	8,3
Балаларды тәрбиелеу мәселелері	8,2
Отбасындағы міндеттерді бөлу	5,2
Секциялардың, үйірмелердің балаларға қол жетімсіздігі	5,2
Туыстардың отбасылық өмірге араласуы, бақылауы	4,9
Білім беру саласында	4,4
Кәсіпкерлікті жүргізудегі проблемалар	3,0
Алкогольге/есірткіге тәуелділік	1,4
Тамақтану сапасы проблемасы	1,3
Құмар ойындарға салыну	0,3
Отбасы мүшелерінің бірінің қол жұмсауы	0,5
Балаларды физикалық жазалау	0,2
Отбасы мүшелерінің моральдық-психологиялық зорлық-зомбылық көрсетуі	0,5
Бізде проблема жоқ	6,2
Денсаулыққа байланысты проблемалар	0,1
Су сапасымен байланысты проблемалар	0,1
Үйге газ кіргізу қажеттілігі	0,2
Жауап беруге қиналамын	9,0

*Жауап жиынтығы 100% көп, себебі респондентке жауаптың бірнеше нұсқасын таңдауға мүмкіндік берілді

Ауыл отбасыларының тамақтану сапасын анықтау үшін сауалнамаға «Сіздің отбасыңыз қалай тамақтанады?» деген сұрақ қосылды. Осылайша, қазақстандық ауыл отбасыларының көпшілігінің тамақтану сапасы «жақсы» деп сауалнамаға қатысқандардың 52,1% жауап береді, респонденттердің бұл тобы жақсы тамақтанады, сирек жағдайларда азық-түлік өнімдерін сатып алудан қиналады. Респонденттердің тағы 38,1% өте жақсы тамақтанады, азық-түлік өнімдерін сатып алудан қиналмайды. Берілген өлшемге қатысты қолайсыз жағдай респонденттердің 8,4% тіркеледі, ауыл тұрғындарының бұл тобы көбінесе тамақ өнімдерінің жетіспеушілігін сезінеді («нашар, біз көбінесе азық-түлік өнімдерін сатып алудан қиналамыз» және «өте нашар, аш қалатын күндер болады» жауаптарының жалпы көрсеткіші) (12-диаграмма).

тердің тағы 38,1% өте жақсы тамақтанады, азық-түлік өнімдерін сатып алудан қиналмайды. Берілген өлшемге қатысты қолайсыз жағдай респонденттердің 8,4% тіркеледі, ауыл тұрғындарының бұл тобы көбінесе тамақ өнімдерінің жетіспеушілігін сезінеді («нашар, біз көбінесе азық-түлік өнімдерін сатып алудан қиналамыз» және «өте нашар, аш қалатын күндер болады» жауаптарының жалпы көрсеткіші) (12-диаграмма).

12-диаграмма. «Сіздің отбасыңыз қалай тамақтанады?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %



Тамақтану сапасына қатысты проблемалар азаматтардың қаржылық әл-ауқатына байланысты екені анық. Материалдық мәртебе неғұрлым төмен болған сайын, азық-түлік тапшылығы-

ның көрсеткіші соғұрлым жоғары болады. Қамтамасыз етілген респонденттер тобында бұл көрсеткіш нөлге тең, кедейлік шегінен төмен тұратын азаматтар тобында – 52,6% (8-кесте).

8-кесте. «Сіздің отбасыңыз қалай тамақтанады?» сұрағына жауаптардың бөлінуі (материалдық жағдайы бөлінісінде), %

	Ақша барлығына жетеді, өзіме кез келген затты сатып ала аламын	Көптеген ұзақ мерзімді қолданыстағы тауарларды сатып алу қиынға соқпайды	Ақша тек азық-түлік, киім сатып алуға, коммуналдық қызметтерді төлеуге ғана жетеді, жинақтауға ақша қалмайды	Ақша тек азық-түлік сатып алуға ғана жетеді, бірақ коммуналдық қызметтерді төлеуге жетпейді	Ақша тіпті азық-түлік сатып алуға да жетпейді, үнемі қарызға өмір сүруге тура келеді	Жауап беруге қиналамын
Өте жақсы, біз азық-түлік өнімдерін сатып алудан қиналмаймыз	85,3	43,6	36,5	20,4	15,8	22,7
Жақсы, біз сирек жағдайларда ғана азық-түлік өнімдерін сатып алудан қиналамыз	10,7	52,9	54,9	59,9	31,6	54,5

Нашар, біз көбінесе азық-түлік өнімдерін сатып алудан қиналамыз	0	3,5	7,7	15,5	42,1	9,1
Өте нашар, аш қалатын күндер де болады	0	0	0,1	0	10,5	0
Жауап беруге қиналамын	4,0	0	0,8	4,2	0	13,6


Өңірлік бөліністе тамақ сапасына қатысты проблемаларды Жамбыл (18,0%), Батыс Қазақстан (15,1%) және Солтүстік Қазақстан (15,1%) облыстарындағы респонденттер жиі атап өтті («нашар, біз көбінесе азық-түлік өнімдерін сатып алудан қиналамыз» және «өте нашар, аш қалатын күндер болады» жауаптарының қосындысы).

Осы сауалнама барысында респонденттер карантин шараларын енгізілуіне байланысты, олардың отбасыларындағы психологиялық жағдай қалай өзгергендігі туралы сұраққа жауап берді. Ресми статистика көрсетіп отырғандай, COVID-19 қарсы күрес режиміндегі жағдай отбасы институтына айтарлықтай ықпал етті: ажырасулар саны артты, отбасылардағы тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайлары жиілеп кетті және т.б. Қазақстанда тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен әйелдерге көмек көрсететін жедел желілерінің бірі (150) 2020 жылғы

ақпанмен салыстырғанда сәуірдің бірінші жартысында келіп түскен қоңыраулардың саны 50% артқанын, тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері бойынша Дағдарыс орталықтары одағының жедел желісіне 300 әйел жүгінгенін хабарлайды. Республикада 2020 жылдың наурызынан шілдесіне дейін 237 құқық бұзушылық тіркелді, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 41,7% артық².

Алынған мәліметтерге сәйкес, 55,4% ауыл отбасылары карантин кезінде ешқандай өзгеріс болмағанын атап өтті. Әрбір үшінші жағдайда карантиндік шаралардың енгізілуі оң нәтиже берді, олардың 20,9% бір-біріне жақын бола түсті, 12,5% бір-бірімен сирек ұрысатын болды. Алайда, 9,5% жағдайда корона-вирус пандемиясы қазақстандық ауыл отбасыларға теріс ықпал етті: 9,1% жиі жанжалдаса бастады, 0,4% отбасы ішінде қатыгездік көрсету фактілерінің бар екенін атап өтті (13-диаграмма).

13-диаграмма. «Карантин шараларын енгізуге байланысты отбасыңыздағы психологиялық жағдай өзгерді ме?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %



² Қазақстанда карантин кезінде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың күрт артуы/www.informburo.kz

Әлеуметтік-демографиялық сипаттамалар бойынша корреляция ауыл отбасыларындағы психологиялық жағдайдың теріс тенденцияға өзгеруі жас отбасыларда және қаржылық жағдайы нашар отбасыларда көбірек байқалады. Мәселен, отбасындағы жағдайдың нашарлауы туралы ауқатты азаматтар

қатарынан респонденттердің тек 1,3% және кедейлік шегінен төмен тұратындардың 15,8% айтты. Бұл жағдай пандемия кезіндегі отбасылардағы конфликт көбіне материалдық проблемаларға байланысты деп болжауға болады (9-кесте).

9-кесте. «Карантин шараларын енгізуге байланысты отбасыңыздағы психологиялық жағдай өзгерді ме?» сұрағына жауаптардың бөлінуі (материалдық жағдайы бөлінісінде), %

	Ақша барлығына жетеді, өзіме кез келген затты сатып ала аламын	Көптеген ұзақ мерзімді қолданыстағы тауарларды сатып алу қиынға соқпайды	Ақша тек азық-түлік, киім сатып алуға, коммуналдық қызметтерді төлеуге ғана жетеді, жинақтауға ақша қалмайды	Ақша тек азық-түлік сатып алуға ғана жетеді, бірақ коммуналдық қызметтерді төлеуге жетпейді	Ақша тіпті азық-түлік сатып алуға да жетпейді, үнемі қарызға өмір сүруге тура келеді	Жауап беруге қиналамын
Біз бір-бірімізге жақын бола түстік	33,3	25,7	19,7	16,2	26,3	9,1
Біз бір-бірімізбен СИРЕК ұрысатын болдық	1,3	16,4	13,0	13,4	10,5	0
Біз бір-бірімізбен ЖИІ ұрыса бастадық	0	8,8	8,5	15,5	15,8	18,2
Отбасымызда қатыгездік көрсету фактілері болды	1,3	0,6	0,3	0,7	0	0
Ештеңе өзгерген жоқ	62,7	47,4	57,5	49,3	47,4	63,6
Жауап беруге қиналамын	1,3	1,2	1,0	4,9	0	9,1

Өңірлік бөліністе отбасылық өзара қарым-қатынастардың нашарлауын Маңғыстау (28,8%), Солтүстік Қазақстан (20,8%), Батыс Қазақстан (13,2%) және Алматы (12,7%) облыстарының («бір-бірімізбен жиі ұрыса бастадық» және «отбасымызда қатыгездік көрсету фактілері болды») ауыл тұрғындары атап өтті.

1.3 Ауыл отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайы

Бұл бөлім Қазақстандағы ауыл отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайына арналған. Отбасылардың әлеуметтік-экономикалық мәртебесін зерттеу, біріншіден, отбасының жағдайы қоғам

жағдайының барометрі ретінде қызмет ететіндігімен, оның азаматтарға даму үшін нақты мүмкіндіктер жасау дәрежесін көрсетуіне байланысты маңызды. Отбасының өмір сүру деңгейі неғұрлым жоғары болса, қоғамның даму деңгейі соғұрлым жоғары болады. Екіншіден, отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайы оның негізгі функцияларын орындауға және тұтастай алғанда отбасының өміріне ықпал етуіне байланысты маңызды.

Қазақстандық ауыл отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайы қандай? Бұл сұраққа жауап беру үшін біз әлеуметтік-экономикалық мәртебенің құрамдас бөліктерін қарастырамыз: отбасының

табыс көздері, тұрғын үйдің болуы, жинақтардың болуы, шығындардың негізгі желісі, мемлекеттік қолдау қажеттілігі және т.б.

Сауалнама нәтижесі көрсеткендей, ауыл отбасының көпшілігі еңбекақыға - 63,5% өмір сүреді. Еңбекақыдан басқа қосымша кіріс көзі бар екенін 11,3% респонденттер атап өтті. Жеке қосалқы шаруашылықтан түсетін табысы сауалнамаға қатысқандардың 13,8% бар. 23,4% респондент өздерінің табыс көзі ретінде зейнетақы мен шәкіртақыны атады. Жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдер 7,4% ауыл отбасы үшін табыс көзі болып табылады. Респонденттердің 6,4% кездейсоқ табыспен шектеледі. 5,9% респондент кәсіпкерлік қызметтен табысы бар екенін атап өтті. Қалған респонденттер (2,6%) туыстарының, еріктілердің

көмегі есебінен тұрады (14-диаграмма).

Бір қызығы, бұл көрсеткіштер респонденттің білім деңгейі мен қаржылық жағдайына байланысты өзгереді. Мәселен, жоғары білімі және қолайлы материалдық мәртебесі бар азаматтардың тұрақты қосымша табысы бар. Ал кездейсоқ табыс көзіне орта білімі бар респонденттер мен ақша тіпті азық-түлік сатып алуға жетпейтін респонденттер өмір сүреді.

Өңірлер бөлінісінде еңбекақыға қосымша табысты көбінесе Алматы (22,6%) және Қостанай (22,4%) облыстарының тұрғындары алады. Кездейсоқ табыс Павлодар облысының әрбір бесінші респондентінде (18,4%) және Солтүстік Қазақстан облысының әрбір жетінші респондентінде (13,2%) артық табыс көзі болып табылады.

14-диаграмма. «Отбасыңыздың негізгі табыс көзі неде?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %



*Жауап жиынтығы 100% көп, себебі респондентке жауаптың бірнеше нұсқасын таңдауға мүмкіндік берілді

Ауыл отбасында тұрғын үй қалаға қарағанда аса өткір мәселе емес. Себебі ауылды жерлерде үй қолжетімді және салыстырмалы түрде арзан. Мұны сауалнама нәтижелері растайды: респонденттердің көпшілігінің жеке тұрғын үйі бар – 78,1% (15-диаграмма).


13,9% респондент жұбайының ата-анасымен немесе туыстарымен бірге тұрады, бұл ең алдымен, отбасының кенже ұлы ата-анасымен бірге тұратын қазақ отбасының дәстүрлі көзқарастарымен түсіндіріледі. Өңірлер бөлінісінде бірлесіп өмір сүрудің мұндай түрі Қазақстанның батысы мен оңтүстігінде жиі байқалады: Атырау облысы (34,1%), Маңғыстау облысы (15,3%), Батыс Қазақстан облысы (15,1%), Түркістан облысы (22,1%), Қызылорда облысы (19,7%), Алматы облысы (15,7%), бұны осы өңірлерде қазақ этносының таралуымен байланыстыруға болады.

Екінші жағынан, материалдық жағдай тұрғысынан алынған мәліметтер ата-аналарымен немесе басқа

туыстарымен бірге тұратын 36,8% респондент өздерінің қаржылық жағдайын «ақша азық-түлік сатып алуға да жетпейді, үнемі қарызға өмір сүруге тура келеді» категориясымен сипаттайтындығын көрсетеді. Демек, бұл жағдайда туыстарымен бірге тұру мәжбүрлі шара және жас отбасы тобы қаржылық жағдайын жақсартып отырып, өз баспаналарын сатып алуы мүмкін деп болжауға болады.

Алынған мәліметтер Қазақстандағы 8% ауыл отбасының тұрғын үйді жалға алатындығын көрсетеді. Корреляциялық талдау келесідей көріністі анықтады: тұрғын үйді жалға алатын отбасылардың басым бөлігі Ақмола (20,9%), Павлодар (13,2%) және Солтүстік Қазақстан (15,1%) облыстарында тұрады. 18-28 жас (10,4%) және 29-45 жас (9,4%) аралығындағы респонденттер тұрғын үйді жалға алады. Материалдық мәртебесі тұрғысынан табысы төмен отбасылар мен табысы тек азық-түлік сатып алуға ғана жететіндер ауылда тұрғын үйді жалға алады.

15-диаграмма. «Отбасыңыз қайда тұрады?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %



Бүгінгі таңда Қазақстандағы ауыл тұрғындарының басым көпшілігінің қаржылық стратегиясы «тапқанымның барлығын жұмсаймын» сценарийі бойынша өтіп жатыр. Осылайша, 55,5% респондент отбасының негізгі табыс көзін жоғалтқан жағдайда олардың жинақтары жоқ екенін атап өтті. Табы-

сынан айырылған жағдайда сауалнамаға қатысқандардың тек 33,3% ғана қолайлы өмір сүру деңгейін сақтай отырып, біраз уақыт өмір сүре алады, оның ішінде 20,7% - үш айға дейін, 6,7% - алты айға дейін, 5,9% - алты айдан аса уақытқа жетеді (10-кесте).

10-кесте. «Отбасының негізгі табыс көзі (жалақы, бизнестен түсетін табыс және т.б.) жоғалған жағдайда, қолайлы өмір сүру деңгейін сақтай отырып, Сіз қанша уақыт өмір сүре аласыз?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %

	%
Біздің жинаған ақшамыз жоқ немесе бір айға ғана жетеді	55,5
Үш айға дейін жетеді	20,7
Алты айға дейін жетеді	6,7
Алты айдан аса уақытқа жетеді	5,9
Негізгі табыс көзін жоғалтқан жағдайда, қосымша табыс көзін табамыз	0,3
Жауап беруге қиналамын	10,9

Әлеуметтік-демографиялық сипаттамалар бөлінісінде білім деңгейі мен қаржылық қамтамасыз етілу деңгейі жоғары болса, респонденттің «қажет-

ті күнге» ақша жинау ықтималдығы соғұрлым жоғары болатыны анықталды (11,12-кесте).

11-кесте. «Отбасының негізгі табыс көзі (жалақы, бизнестен түсетін табыс және т.б.) жоғалған жағдайда, қолайлы өмір сүру деңгейін сақтай отырып, Сіз қанша уақыт өмір сүре аласыз?» сұрағына жауаптардың бөлінуі (материалдық жағдайы бөлінісінде), %

	Ақша барлығына жетеді, өзіме кез келген затты сатып ала аламын	Көптеген ұзақ мерзімді қолданыстағы тауарларды сатып алу қиынға соқпайды	Ақша тек азық-түлік, киім сатып алуға, коммуналдық қызметтерді төлеуге ғана жетеді, жинақтауға ақша қалмайды	Ақша тек азық-түлік сатып алуға ғана жетеді, бірақ коммуналдық қызметтерді төлеуге жетпейді	Ақша тіпті азық-түлік сатып алуға да жетпейді, үнемі қарызға өмір сүруге тура келеді	Жауап беруге қиналамын
Біздің жинаған ақшамыз жоқ немесе бір айға ғана жетеді	44,0	32,0	59,8	67,6	84,2	22,7
Үш айға дейін жетеді	20,0	30,8	20,5	14,1	0	9,1
Алты айға дейін жетеді	2,7	12,8	5,9	5,6	5,3	9,1
Алты айдан аса уақытқа жетеді	21,3	14,0	3,4	3,5	0	0

	Ақша барлығына жетеді, өзіме кез келген затты сатып ала аламын	Көптеген ұзақ мерзімді қолданыстағы тауарларды сатып алу қиынға соқпайды	Ақша тек азық-түлік, киім сатып алуға, коммуналдық қызметтерді төлеуге ғана жетеді, жинақтауға ақша қалмайды	Ақша тек азық-түлік сатып алуға ғана жетеді, бірақ коммуналдық қызметтерді төлеуге жетпейді	Ақша тіпті азық-түлік сатып алуға да жетпейді, үнемі қарызға өмір сүруге тура келеді	Жауап беруге қиналамын
Негізгі табыс көзін жоғалтқан жағдайда, қосымша табыс көзін табамыз	1,3	0,6	0,1	0	5,3	0
Жауап беруге қиналамын	10,7	9,9	10,3	9,2	5,3	59,1

12-кесте. «Отбасының негізгі табыс көзі (жалақы, бизнестен түсетін табыс және т.б.) жоғалған жағдайда, қолайлы өмір сүру деңгейін сақтай отырып, Сіз қанша уақыт өмір сүре аласыз?» сұрағына жауаптардың бөлінуі (білім деңгейі бөлінісінде), %

	Аяқталмаған орта	Орта	Кәсіптік-техникалық арнайы орта	Аяқталмаған жоғары	Жоғары
Біздің жинаған ақшамыз жоқ немесе бір айға ғана жетеді	83,3	59,9	53,0	62,9	50,3
Үш айға дейін жетеді	12,5	17,5	24,9	20,0	19,2
Алты айға дейін жетеді	0	5,7	6,0	5,7	9,6
Алты айдан аса уақытқа жетеді	0	4,9	4,9	5,7	9,3
Негізгі табыс көзін жоғалтқан жағдайда, қосымша табыс көзін табамыз	0	0	0,4	0	0,7
Жауап беруге қиналамын	4,2	12,1	10,7	5,7	10,9

Өңірлер бөлінісінде ауыл тұрғындарында қосалқы қаржылық жағдайының болмауы көбінесе Шығыс Қазақстан (83,3%), Атырау (72,7%) және Маңғыстау (89,8%) облыстарында тіркелген.

Отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайын талдау кезінде кіріс көздерін ғана емес, сонымен қатар шығындардың негізгі бағыттарын зерттеу керек. Зерттеу нәтижесі арқылы Қа-

зақстандағы 90,7% ауыл отбасы отбасылық бюджет ең алдымен азық-түлік сатып алуға жұмсайтынын атап өтті. Екінші кезекте табыстары коммуналдық қызметтерді төлеуге кетеді (46,8%). Үшінші кезекте – несие төлеуге (42,5%). Бұдан кейін жылу үшін отын сатып алу (21,8%), киім сатып алу (16,7%) және мал азығын/топыраққа тыңайтқыш сатып алу (10,3%) сияқты шығын тараула-

ры келтірілген. Көбінесе ауыл отбасылары оқу ақысын төлеуге, іс-шараларға,

құрылысқа және сыйлықтар сатып алуға ақша жұмсайды (16-диаграмма).

16-диаграмма. «Сіздің отбасылық бюджет бірінші кезекте неге жұмсалады?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %



*Жауап жиынтығы 100% көп, себебі респондентке жауаптың бірнеше нұсқасын таңдауға мүмкіндік берілді

Бірінші кезекте ауыл отбасылары қандай көмекке мұқтаж деген сұраққа респонденттердің басым бөлігі мемлекеттен материалдық көмек (37,9%) қажет екенін атап өтті. 16,7% саулнамаға қатысқандар жұмысқа орналастыру бойынша көмекке мұқтаж. 13,7% тұрғын үй жағдайын жақсарту бойынша көмекке мұқтаж. 12,4% респондент мемлекеттен әлеуметтік қолдау қажет екенін атап

өтті. 7,8% кәсіпкерлікті жүргізу және бизнесті дамыту бойынша қолдаудың қажеттілігін атап өтті.

Ауыл тұрғындары қоғамдық ұйымдар мен қарапайым азаматтардан киім, азық-түлік түрінде көмекке мұқтаж екенін аз атап өтті (3,8%).

Әрбір үшінші респондент (27,0%) өз отбасының ешқандай көмекке мұқтаж емес екенін атап өтті (13-кесте).

Өңірлер бөлінісінде мемлекеттің материалдық көмегіне Солтүстік Қазақстан (66,0%), Түркістан (62,2%) және Жамбыл (44,0%) облыстарының тұрғындары мұқтаж.

Мемлекет тарапынан әлеуметтік қолдауға Жамбыл (37,0%), Қарағанды (23,4%), Ақмола (25,0%) және Солтүстік Қазақстан (26,4%) облыстарының ауыл тұрғындары аса мұқтаж.

Маңғыстау (62,7%), Қызылорда (40,3%), Шығыс Қазақстан (26,7%) және Батыс Қазақстан (26,4%) облыстарының респонденттері жұмысқа орналасуға көмек қажет екенін атап өтті.

Кәсіпкерлік жүргізуге Түркістан (12,6%), Солтүстік Қазақстан (18,9%), Шығыс Қазақстан (10,0%) облыстарының ауыл тұрғындары көбірек көмек сұрайды.

Атырау облысында сауалнамаға қатысқан әрбір екінші респондент (45,5%) тұрғын үй жағдайын жақсарту қажет екенін белгіледі.

Балалар саны бөлісіндегі мәліметтерді талдау барысында 4 не одан көп балалары бар көпбалалы отбасылардың мемлекеттік көмек (48,3%) пен тұрғын үйді жөндеуге (21,2%) мұқтаж екені анық болды.

13-кесте. «Сіздің отбасыңыз бірінші кезекте қандай көмекке мұқтаж?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %


	%
Мемлекеттен материалдық көмекке (ақшалай төлемдер, жәрдемақылар, субсидиялар және т.б.)	37,9
Мемлекеттің әлеуметтік қолдауына (балабақшаға жеңілдіктер, тегін тамақтану/жол жүру және т.б.)	12,4
Қоғамдық ұйымдар мен қарапайым азаматтардан қайырымдылық көмекке (киім, тамақ өнімдері)	3,8
Жұмысқа орналастыру бойынша көмекке	16,7
Кәсіпкерлікті жүргізуге және бизнесті дамытуға қолдау көрсетуге	7,8
Тұрғын үй жағдайын жақсартуда	13,7
Маманның психологиялық көмегіне	0,3
Ешқандай көмекке мұқтаж емес	27,0
Құжаттарды қалпына келтіруде	0,1
Елді мекен инфрақұрылымын жақсарту	0,3
Жауап беруге қиналамын	3,3

*Жауап жиынтығы 100% көп, себебі респондентке жауаптың бірнеше нұсқасын таңдауға мүмкіндік берілді

Әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы блоктың соңында біз пандемия мен карантин шараларының ауыл отбасының материалдық әл-ауқатына ықпалы туралы мәселені қарастырамыз. Әрбір екінші респондент (53,1%) карантиннің енгізілуінің оның отбасының материалдық

жағдайына ықпалы болмағанын айтты. Респонденттердің маңызды үлесі шектеу шараларының олардың отбасының қаржылық әл-ауқатына теріс ықпал еткенін мәлімдеді - 39,1%. Тек 4,8% респондент пандемия кезінде жақсы өмір сүре бастағанын атап өтті (17-диаграмма).

17-диаграмма. «Карантин шараларын енгізу отбасыңыздың материалдық әл-ауқатына қалай әсер етті?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %



Өңірлік бөліністе Солтүстік Қазақстан (78,8%) және Маңғыстау (91,5%) облыстарындағы сауалнамаға қатысқандардың басым көпшілігі пандемия кезеңінде өзінің қаржылық жағдайының нашарлауы туралы мәлімдеді. Сонымен қатар, Атырау (45,5%) және Түркістан (45,5%) өңірлеріндегі ауыл отбасылары пандемияның теріс әсерін сезінді. Керісінше, карантиндік шараларды енгізумен Ақтөбе облысында сауалнамаға қатыс-

қандардың 12,2% жақсы өмір сүре бастады (ел бойынша ең жоғары көрсеткіш).

Коронавирустық жағдай және пандемияға қарсы іс-шаралар қаржылық жағдайы төмен халық санаттарына қаты әсер етті. Мәселен, табысы жоғары азаматтардың тек 12% және ақшасы тіпті азық-түлікке де жетпейтін 73,7% респондент отбасының қаржылық жағдайының нашарлағанын атап өтті (14-кесте).

14-кесте. «Карантин шараларын енгізу отбасыңыздың материалдық әл-ауқатына қалай әсер етті?» сұрағына жауаптардың бөлінуі (материалдық жағдайы бөлінісінде), %

	Ақша барлығына жетеді, өзіме кез келген затты сатып ала аламын	Көптеген ұзақ мерзімді қолданыстағы тауарларды сатып алу қиынға соқпайды	Ақша тек азық-түлік, киім сатып алуға, коммуналдық қызметтерді төлеуге ғана жетеді, жинақтауға ақша қалмайды	Ақша тек азық-түлік сатып алуға ғана жетеді, бірақ коммуналдық қызметтерді төлеуге жетпейді	Ақша тіпті азық-түлік сатып алуға да жетпейді. үнемі қарызға өмір сүруге тура келеді	Жауап беруге қиналамын
Қолайлы, біз жақсы өмір сүре бастадық	12,0	7,0	4,2	2,8	0	0
Ешқандай әсер етпеді, біздің қаржылық жағдайымыз өзгеріссіз қалды	72,0	64,5	52,9	32,6	21,1	63,6

	Ақша барлығына жетеді, өзіме кез келген затты сатып ала аламын	Көптеген ұзақ мерзімді қолданыстағы тауарларды сатып алу қиынға соқпайды	Ақша тек азық-түлік, киім сатып алуға, коммуналдық қызметтерді төлеуге ғана жетеді, жинақтауға ақша қалмайды	Ақша тек азық-түлік сатып алуға ғана жетеді, бірақ коммуналдық қызметтерді төлеуге жетпейді	Ақша тіпті азық-түлік сатып алуға да жетпейді, үнемі қарызға өмір сүруге тура келеді	Жауап беруге қиналамын
Жағымсыз, отбасымыздың қаржылық жағдайы айтарлықтай нашарлады	12,0	24,4	40,5	61,0	73,7	27,3
Жауап беруге қиналамын	4,0	4,1	2,3	3,5	5,3	9,1

Респонденттердің әлеуметтік мәртебесін ескере отырып, карантин шараларының теріс әсерін жеке сектор қызметкерлері (52,8%), жеке кәсіпкерлер

(42,4%), жұмыссыздар (65,1%) және үй шаруасындағы әйелдер (40,0%) сезінді (15-кесте).

15-кесте. «Карантин шараларын енгізу отбасыңыздың материалдық әл-ауқатына қалай әсер етті?» сұрағына жауаптардың бөлінуі (әлеуметтік статус бөлінісінде), %

	Мемлекеттік қызметкер	Бюджеттік мекемеде жұмыс жасайды	Жеке меншік салада жұмыс жасайды	Жеке бизнес	Жеке еңбек қызметі	Фрилансер (қызмет көрсету келісім-шартының қызметкері)	Жеке қосалқы шаруашылықта, отбасылық кәсіпорында жұмыспен қамтылғандар	Зейнеткер	Студент	Үй шаруасындағы әйел	Жұмыссыз
Қолайлы, біз жақсы өмір сүре бастадық	3,7	6,0	4,1	17,4	10,2	10,0	5,8	3,5	16,7	3,0	1,2
Ешқандай әсер етпеді, біздің қаржылық жағдайымыз өзгеріссіз қалды	66,7	59,0	42,0	47,8	45,8	50,0	46,2	65,1	55,6	53,3	32,5
Жағымсыз, отбасымыздың қаржылық жағдайы айтарлықтай нашарлады	27,8	32,0	52,8	30,4	42,4	40,0	34,6	26,7	22,2	40,0	65,1
Жауап беруге қиналамын	1,9	3,0	1,1	4,3	1,7	0	13,5	4,7	5,6	3,7	1,2


1.4 Ауыл отбасының денсаулық жағдайы

Отбасының өмір сүру сапасы индикаторларының бірі денсаулық жағдайын бағалау көрсеткіші болып табылады. Сауалнама нәтижесіне сәйкес, респонденттердің 39,9% өз денсаулығын «жақсы» деп санайды. Көпшілігі (48,3%) өз

денсаулығын «қанағаттанарлық» деп бағалайды (18-диаграмма).

Сауалнамаға қатысқан әрбір оныншы адам өз денсаулығын «қанағаттанарлықсыз» және «нашар» деп бағалады. Бұл туралы Маңғыстау (33,9%) және Солтүстік Қазақстан (28,3%) облыстарының тұрғындары жиі айтты.

18-диаграмма. «Сіз өзіңіздің денсаулық жағдайыңызды қалай бағалайсыз?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %



Ауыл тұрғындарының денсаулық жағдайын бағалау олардың материалдық жағдайының деңгейімен тікелей байланысты. Қамтамасыз етілген қазақстандықтар («Ақша барлығына жетеді, өзіме кез келген затты сатып ала аламын») өз денсаулығын тек 2,7% жағ-

дайда ғана «қанағаттанарлықсыз» деп бағалады, ал қолайсыз материалдық жағдайдағы азаматтар арасында («ақша азық-түлік өнімдерін сатып алуға да ақша жетпейді, үнемі қарызға өмір сүруге тура келеді») бұл көрсеткіш айтарлықтай жоғары - 47,4% (16-кесте).

16-кесте. «Сіз өзіңіздің денсаулық жағдайыңызды қалай бағалайсыз?» сұрағына жауаптардың бөлінуі (материалдық жағдайы бөлінісінде), %

	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз	Нашар	Жауап беруге қиналамын
Ақша барлығына жетеді, өзіме кез келген затты сатып ала аламын	64,0	30,7	2,7	0	2,7
Көптеген ұзақ мерзімді қолданыстағы тауарларды (тоңазытқыш, теледидар және т.б.) сатып алу қиынға соқпайды	43,9	50,3	5,3	0	0
Ақша тек азық-түлік, киім сатып алуға, коммуналдық қызметтерді төлеуге ғана жетеді, жинақтауға ақша қалмайды	39,2	49,3	9,1	1,8	0,5

	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз	Нашар	Жауап беруге қиналамын
Ақша тек азық-түлік сатып алуға ғана жетеді, бірақ коммуналдық қызметтерді төлеуге жетпейді	26,1	53,5	13,4	4,9	2,1
Ақша тіпті азық-түлік сатып алуға да жетпейді, үнемі қарызға өмір сүруге тура келеді	26,3	26,3	42,1	5,3	0
Жауап беруге қиналамын	54,5	40,9	4,5	0	0

Денсаулық жағдайын бағалау респонденттің жасына да байланысты. Респонденттер неғұрлым жас болса, соғұрлым ол денсаулығын бағалайды және керісінше. Мәселен, 18-28 жастағы респонденттер арасында өз

денсаулығын сауалнамаға қатысқандардың тек 3,0% қанағаттанарлықсыз немесе нашар деп бағаласа, 61 және одан жоғары жастағы респонденттер арасында ол көрсеткіш 24,6% құрады (17-кесте).

17-кесте. «Сіз өзіңіздің денсаулық жағдайыңызды қалай бағалайсыз?» сұрағына жауаптардың бөлінуі (жас шамасы бөлінісінде), %

	18-28	29-45	46-60	61 және одан жоғары жас
Жақсы	57,8	43,3	31,7	18,5
Қанағаттанарлық	39,2	47,8	53,2	55,4
Қанағаттанарлықсыз	2,2	7,2	12,1	19,0
Нашар	0,7	1,1	1,5	5,6
Жауап беруге қиналамын	0	0,6	1,5	1,5

Қазақстандықтардың денсаулық жағдайына «отбасындағы балалар саны» көрсеткіші де әсер етеді. Көп балалы

отбасылар денсаулығын үш баласы бар және одан аз отбасыларға қарағанда нашар бағалайды (18 кесте).

18 кесте. «Сіз өзіңіздің денсаулық жағдайыңызды қалай бағалайсыз?» сұрағына жауаптардың бөлінуі (бала саны бөлінісінде), %

	Бір бала	Екі бала	Үш бала	Төрт және одан көп бала	Бала жоқ
Жақсы	43,9	44,0	41,5	56,4	28,7
Қанағаттанарлық	49,8	47,0	50,0	33,3	52,3
Қанағаттанарлықсыз	4,8	7,9	4,9	10,3	14,0
Нашар	1,1	0,8	3,5	0	3,0
Жауап беруге қиналамын	0,4	0,4	0	0	2,0

Денсаулық проблемаларына келетін болсақ, ауыл отбасыларының үштен бірі жиі суық тиюге тап болады (30,6%). Сауалнамаға қатысқандардың бестен бір бөлігін (19,5%) созылмалы аурулардың өршуі жиі алаңдатады. Респонденттердің жалпы санының 12,3% белгіленген диагнозсыз жалпы әлсіздікке шағымданды.

Сауалнамаға қатысқан азаматтардың 41,2% денсаулығына байланысты проблемалар жоқ екенін атап өтті (19-кесте). Олардың арасында

қаржылық жағдайы жақсы азаматтардың үлесі жоғары. Ал азық-түлікке тіпті табысы жетпейтін қазақстандықтар сапасыз тамақтану салдарынан жиі суық тиюден зардап шегеді, созылмалы аурулардың өршуін сезінеді және депрессияға ұшырайды.

Мәліметтер респонденттердің жасына байланысты өзгереді. 18 жастан 45 жасқа дейінгі респонденттер суық тиюге жиі ұшырайды, ал созылмалы аурулардың өршуі 46 жастан асқан респонденттерді жиі алаңдатады.

19-кесте. «Отбасы мүшелерінің (Сіз, жұбайыңыз, балаларыңыз) денсаулығына қатысты қандай проблемалар жиі кездеседі?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %

	%
Жиі суық ию	30,6
Созылмалы аурулардың мерзімді өршуі	19,5
Белгіленген диагнозсыз жалпы дімкәстік	12,3
Депрессия	2,0
Бізде денсаулыққа қатысты проблемалар жоқ	41,2
Гипертония	0,2
Көздің көруімен байланысты проблемалар	0,1
Жүрек жеткіліксіздігі	0,1
Жауап беруге қиналамын	1,8

*Жауап жиынтығы 100% көп, себебі респондентке жауаптың бірнеше нұсқасын таңдауға мүмкіндік берілді


Денсаулық туралы сұрақтар блогының соңында респонденттер салауатты өмір салтын ұстанатындығы туралы сұраққа жауап берді. Сауалнамаға қатысқан ауыл тұрғындарының басым бөлігі салауатты өмір салты қағидаларын ұстанатынын атап өтті. Бұл ретте сауалнамаға қатысқандардың 41,6% тұрақты, 26,8% кейде салауатты өмір салтын ұстанады. 19,8% ішінара салауатты өмір салтын ұстанады, респонденттердің 11,0% салауатты өмір салтын ұстанбайды (19-диаграмма).

Өңірлік бөліністе салауатты өмір салтын Павлодар (100%), Түркістан (93,8%), Маңғыстау (96,6%), Қызылор-

да (92,5%), Жамбыл (96,0%) және Атырау (93,2%) облыстарының тұрғындары («Иә, Мен салауатты өмір салтын ұстанамын», «кейде салауатты өмір салтын ұстанамын» және «ішінара салауатты өмір салтын ұстанамын» жауаптарының қосындысында) жиі ұстанады.

Батыс Қазақстан облысының тұрғындары (24,5%) көбінесе салауатты өмір салтын ұстанбайды, материалдық мәртебесі бойынша азық-түлікке де (15,8%) қаражаты жоқ, білімі аз және жасы үлкен азаматтар. Осылайша, салауатты өмір салтын негізінен жас білімді қазақстандықтар ұстанады.

19-диаграмма. «Сіз салауатты өмір салтын ұстанасыз ба (дұрыс тамақтану, жаттығу, спорт, жаман әдеттерден бас тарту және т.б.)?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %




1.5 Ауыл отбасының көші-қон көңіл-күйінің себептері мен факторлары

Көші-қон көңіл-күйін зерттеу ауыл отбасыларының жағдайын зерттеу тұрғысынан өте өзекті, өйткені көші-қон көңіл-күйі халықтың ауылдағы өмірге қанағаттануының көрсеткіші болып табылады. Көп жағдайда көші-қонның негізгі себебі – өмір сүру жағдайларын жақсарту. Егер қалаға көшуге деген ұмтылыс көрсеткіші жоғары болса, онда елді мекендегі өмір негізгі қажет-

тіліктерді қанағаттандыруға мүмкіндік бермейді. Біз респонденттерден қалаға көшуге ниеті туралы сұраған болатынбыз.

Алынған мәліметтерге сәйкес, көші-қон әлеуеті 27,4% құрады. Сауалнамаға қатысқан ауыл тұрғындарының үштен бірі қалаларға қоныс аударғысы келеді (20-диаграмма). Қалаға көшуге ниет білдірушілердің ең жоғары үлесі Қостанай (53,7%), Атырау (50,0%) және Солтүстік Қазақстан (41,5%) облыстарында тіркелген.

20-диаграмма. «Қалаға көшуге ниетіңіз бар ма?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %



Барлығынан бұрын, негізгі қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін табысы

жоқ респонденттер қалаға көшуді қалайды (57,9%) (20-кесте).

20-кесте. «Қалаға көшуге ниетіңіз бар ма?» сұрағына жауаптардың бөлінуі (материалдық жағдайы бөлінісінде), %

	Ақша барлығына жетеді, өзіме кез келген затты сатып ала аламын	Көптеген ұзақ мерзімді қолданыстағы тауарларды сатып алу қиынға соқпайды	Ақша тек азық-түлік, киім сатып алуға, коммуналдық қызметтерді төлеуге ғана жетеді, жинақтауға ақша қалмайды	Ақша тек азық-түлік сатып алуға ғана жетеді, бірақ коммуналдық қызметтерді төлеуге жетпейді	Ақша тіпті азық-түлік сатып алуға да жетпейді, үнемі қарызға өмір сүруге тура келеді	Жауап беруге қиналамын
Иә	17,3	30,2	26,3	31,9	57,9	22,7
Жоқ	82,7	69,2	73,2	67,4	42,1	77,3
Жауап беруге қиналамын	0	0,6	0,5	0,7	0	0

Респонденттердің жас шамасы бойынша мәліметтерді талдау келесі тенденцияны анықтады: респондент неғұрлым жас болса, көші-қон әлеуеті соғұрлым жоғары болады. Мысалы, егер 61 және одан жоғары жастағы ре-

спонденттер арасында қалаға 12,3% қоныс аударғысы келсе, 18-28 жастағы балалар арасында – 37,4% (21-кесте).

Сұралғандардың көпшілігі (72,1%) қандай да бір жерге қоныс аударуға ниет білдірген жоқ.

21-кесте. «Қалаға көшуге ниетіңіз бар ма?» сұрағына жауаптардың бөлінуі (жас шамасы бөлінісінде), %

	18-28	29-45	46-60	61 және одан жоғары жас
Иә	37,4	29,9	24,2	12,3
Жоқ	61,9	69,2	75,8	87,7
Жауап беруге қиналамын	0,8	0,9	0	0

Респонденттер қалаға үш негізгі себеппен қоныс аударғысы келеді: білім, жұмыс және мүмкіндіктер.

37,2% балаларына білім беру мақсатында қалаға көшуді ойлайды. 34,2% ауылды жерлерде жұмыс табуға байланысты мәселелер оларды қозғалуға итермелейтіндігін айтты. 29,5% қалада өз елді мекендеріне қарағанда әлдеқайда көп болатын жаңа мүмкіндіктер үшін қоныс аударғысы келеді.

Халықты көші-қонға итермелейтін факторлардың тағы бір тобы – ауданнан, облыс орталығынан қашықтығы (17,2%), перспективалардың болмауы (16,6%), еңбекақының төмендігі салда-

рынан қаржылық проблемалардың болуы (15,7%).

Ауыл тұрғындарының көші-қон көңіл-күйінің басты факторлары ауылдық жерлер инфрақұрылымының төмен даму деңгейінің (12,9%) және денсаулық сақтау проблемаларының (10,5%) салдарынан туындайды.

Бос уақытты ұйымдастырудағы қиындықтар, нашар экология, сапалы білім алу қиындықтары, балабақшалардың жетіспеушілігі сияқты басқа факторлар ауыл тұрғындарын көшуге итермелейтін маңызды факторлар болып табылады (22-кесте).

22-кесте. «Сізді қалаға көшу туралы ойға итермелейтін себеп қандай?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %

	%
Балаларды қалада оқыту	37,2
Ауылдағы жұмыссыздық, жұмыспен қамту мәселелері	34,2
Қалада жаңа мүмкіндіктерді ашу	29,5
Ауылдың аудан, облыс орталығынан қашықтығы	17,2
Ауылда перспективалардың жоқтығы	16,6
Ауылдағы жалақының төмен болуына байланысты қаржылық проблемалардың орын алуы	15,7
Ауылдық жердің инфрақұрылымдық дамуының төмен деңгейі	12,9
Ауылдағы денсаулық сақтау саласындағы проблемалар, дәрігерлердің, жабдықтардың жетіспеушілігі және медициналық қызметтердің төмен сапасы	10,5
Ауылда бос уақытты ұйымдастырудағы қиындықтар	9,5
Ауылдық жердегі экологияның нашарлығы	7,7
Ауылда сапалы орта білім алудың қиындығы	5,8
Ауылда балабақшалардың жоқтығы немесе жетіспеуі	1,2
Ауылдағы жергілікті биліктің әрекетсіздігі, сыбайлас жемқорлық, бюрократия	0,3
Отбасындағы проблемалар	0,3
Жауап беруге қиналамын	2,5

*Жауап жиынтығы 100% көп, себебі респондентке жауаптың бірнеше нұсқасын таңдауға мүмкіндік берілді

Сауалнама қатысушылары үшін көші-қонның ең басты тежеуші факторы қалада баспананың болмауы және тұрғын үйді сатып алудың қол жетімсіздігі (71,2%) болып табылады. Сондай-ақ, респонденттер қоныс ауда-

руға байланысты ақшаны жоғалтудан (15,4%) және жаңа өмір салтынан қорқады (13,5%).

Тұрғындарды ауылда ұстауға ықпал ететін маңызы аз факторлар 23-кестеде келтірілген.

23-кесте. «Сізді қалаға көшуден не тоқтатады?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %

	%
Қалада тұрғын үйдің жоқтығы және сатып алудың қолжетімсіздігі	71,2
Көшуге кететін үлкен шығындар	15,4
Жаңа өмір салтынан қорқу, өз күшіме сенімсіздік	13,5
Қалаға көшкеннен кейін туыстардың қолдауының болмауы	6,6
Әдеттегі өмір салтын өзгертуге ниеттің болмауы	6,3
Қалада жұмыс, табыс табу үшін білімнің, қажетті дағдылардың, құзыреттердің жоқтығы	5,6
Қалада жұмыстың болмауы немесе жалақысы төмен жұмыс	4,1
Балалар үшін ерекше өмір салты және олардың құрдастары арасында оқу және материалдық байлық тұрғысынан жоғары бәсекелестік	3,1
Көшу туралы әкімдік шешімінің шықпауы	2,2
Жарымның (жұбайымның) көшу ниетінің жоқтығы	0,6
Ештеңе де тоқтатпайды	0,9
Шаруа қожалығының болуы	0,3
Жауап беруге қиналамын	6,0

*Жауап жиынтығы 100% көп, себебі респондентке жауаптың бірнеше нұсқасын таңдауға мүмкіндік берілді

I ТАРАУ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ

Отбасылық өмірге қанағаттану

1. Отбасының ең көп таралған түрі – ерлі-зайыпты отбасы (86,3%). Респонденттердің 78,1% тіркелген некеде тұрады, некені тіркеместен жұбайымен бірге тұратындардың үлесі 8,2% құрайды. Респонденттердің 13,7% толық емес отбасылар: 7,3% – тұл ер адамдар/жесірлер, 5,7% – ажырасқандар, респонденттердің 0,8% балаларды некеден тыс жалғыз тәрбиелейді.

2. Толық емес отбасылар арасында әйелдер ерлерге қарағанда екі есе көп, ал жесір әйелдер тұл ер адамдардан бес есе көп.

3. Бірнеше ерлі-зайыптыларды немесе ересектердің бірнеше ұрпағын қамтитын кеңейтілген отбасы типі ауыл тұрғындары арасында нуклеарлық отбасына қарағанда анағұрлым аз таралған. Отбасының мұндай түрі қазақтар арасында, Қазақстанның оңтүстік және батыс өңірлерінің Атырау (52,3%), Қызылорда (31,3%), Ақтөбе (26,8%), Батыс Қазақстан (26,4%) және Алматы (26,1%) облыстарының тұрғындары арасында жиі кездеседі.

4. Қазақстандық отбасылардың негізгі отбасылық құндылықтары – үлкендерге де, кішілерге де құрмет көрсету (63,9%), салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды құрметтеу және сақтау (41%), сүйіспеншілік, бір-біріне мейірімділік (37,4%). Консервативті мағынадағы құндылықтар – патриархалды өмір салты, көп балалы болу – респонденттердің жауаптарында ең аз үлеске ие, 3% аспайды.

5. Респонденттердің басым бөлігінің өздерінің отбасылық өміріне көңілі толады (93,2%), ал 66,3% респондент отбасылық өмірге толық қанағаттанады. Респонденттердің 5,7% отбасылық өмірінің қалыптасу жолына қанағаттанбайды («отбасылық өміріме көңілім толмайды деуге болады» және «отбасылық

өміріме мүлдем көңілім толмайды» деген жауаптардың жиынтық көрсеткіші). Сонымен қатар, олардың арасында Батыс Қазақстан облысы өкілдерінің үлесі жоғары, осы өңірдегі әрбір төртінші сауалнама қатысушысы (24,5%) отбасылық өміріне көңілі толмайтынын көрсетті. Әлеуметтік-демографиялық сипаттама бөлінісінде мәліметтерді талдау отбасылық өмірге көңілінің толмау себептері отбасының қаржылық әл-ауқатының төмен деңгейімен тікелей байланысты екенін көрсетті.

6. Респонденттердің 40,9% отбасында конфликт болмайды деп мәлімдеді. Қалған респонденттер үшін отбасылық конфликтінің неғұрлым жиі кездесетін себептері – материалдық (32,2%) және тұрмыстық (31,2%).

7. Қазақстандық отбасыларды толғандыратын негізгі проблемалардың қатарына: материалдық проблемалар (төмен еңбекақы, ақша тапшылығы) (50,1%), тұрғын үй-тұрмыстық жағдайлар (31,7%) және жұмысқа орналасу проблемалары (14,6%) кіреді.

8. Респонденттердің 38,1% үшін тамақтануда ешқандай қиындықтарға тап болмайды. Әрбір екінші респондент өз отбасының тамақтануын жақсы деп бағалайды. Респонденттердің 8,1% нашар тамақтанады, көбінесе тамақ тапшылығын сезінеді. Респонденттердің 0,3% кейде аш болады.

9. Сонымен қатар, қаржылық әл-ауқат деңгейі неғұрлым төмен болса, азық-түлік тапшылығы бар адамдардың көрсеткіші соғұрлым жоғары болады. Өңірлік бөліністе тамақтану сапасына қатысты проблемаларды Жамбыл (18,0%), Батыс Қазақстан (15,1%) және Солтүстік Қазақстан (15,1%) облыстарында респонденттер жиі кездестіреді.

10. 55,4% жағдайда карантиндік шараларды енгізу ауыл отбасыларындағы

психологиялық ахуалға ықпал етпеді. Әрбір үшінші жағдайда карантиндік шараларды енгізу оң нәтиже берді. 9,5% жағдайда коронавирус пандемиясы қазақстандық ауыл отбасыларындағы жағдайға теріс әсер етті: жанжал көбейе бастады, отбасы ішінде қатыгез қарым-қатынас фактілері орын алды. Корреляцияны талдау көрсеткендей, ауыл отбасыларындағы психологиялық

ахуалдың жағымсыз өзгерісі жас отбасыларда және қаржылық жағдайы нашар отбасыларда көбірек байқалады. Өңірлік бөліністе отбасылық өзара қарым-қатынастардың нашарлауы Маңғыстау (28,8%), Солтүстік Қазақстан (20,8%), Батыс Қазақстан (13,2%) және Алматы (12,7%) облыстарының тұрғындарының басым бөлігінде байқалады.

Әлеуметтік-экономикалық жағдайы

1. Көп ауыл отбасы үшін негізгі табыс көзі еңбекақы болып табылады. Сауалнама қатысушыларының жартысынан көбі (63,5%) еңбекақыға ғана өмір сүреді. Респонденттердің 11,3% негізгі табыс көзі ретінде еңбекақы мен қосымша табысты көрсетті. Шамамен әрбір төртінші респондент зейнетақыға күн көреді.

2. Сұралған отбасылардың көпшілігінің жеке баспанасы бар – 78,1%. Ауыл отбасыларының 22% жеке тұрғын үйі жоқ (туыстарымен бірге тұрады, жалға алады), басым бөлігі жеке тұрғын үй сатып алуға жеткілікті табысы жоқ жастар. Тұрғын үйді жалға алатын отбасылар негізінен Ақмола (20,9%), Павлодар (13,2%) және Солтүстік Қазақстан (15,1%) облыстарында тұрады.

3. Отбасының негізгі табыс көзін жоғалтқан жағдайда барлық сауалнама қатысушыларының жартысынан көбінде (55,5%) жинақтары жоқ және бір айдан аспайтын мерзімге қосымша табыссыз өмір сүре алады. Осындай жағдайда әрбір бесінші респондент жинақтарын пайдалана алады және үш айға дейін өмір сүре алады. Респонденттердің тек 5,9% негізгі табыс көздерінен айырылған жағдайда, өздерінің жинақ ақшаларына 6 айдан астам уақыт өмір сүре алады. Шығыс Қазақстан (83,3%), Атырау (72,7%) және Маңғыстау (89,8%) облыстарының ауыл тұрғындары жинақтардың болмауы тұрғысынан неғұрлым осал болып табылады.

4. Отбасылық бюджетті респонденттердің 90,7% бірінші кезекте азық-түлік сатып алуға жұмсайды. Респонденттердің 46,8% ең алдымен коммуналдық төлемдерді төлейді, ал 42,5% несиені төлейді. Әрбір бесінші респондент отын сатып алады, әрбір оныншы респондент мал азығы мен топыраққа тыңайтқыш сатып алады.

5. Бүгінгі таңда ауыл отбасына не қажет екендігі туралы айта отырып, респонденттердің көпшілігі оларға мемлекеттен материалдық көмек (37,9%), жұмысқа орналасуға көмек (16,7%), тұрғын үй жағдайын жақсартуға көмек (13,7%), әлеуметтік қолдау (12,4%) қажет екенін көрсетті. 4 және одан да көп балалары бар көп балалы отбасылар мемлекеттің материалдық көмегіне (48,3%) және тұрғын үй жағдайын жақсартуға (21,2%) мұқтаж.

6. Респонденттердің маңызды үлесі карантиндік шараларды енгізу олардың отбасының қаржылық әл-ауқатына теріс ықпалын атап өтті – 39,1%. Өңірлік бөліністе сауалнама қатысушыларының басым көпшілігі Солтүстік Қазақстан (78,8%) және Маңғыстау (91,5%) облыстарында пандемия кезеңінде қаржылық жағдайдың нашарлауы туралы айтты. Сонымен қатар, Атырау (45,5%) және Түркістан (45,5%) облыстарындағы отбасыларда пандемияның теріс ықпалы айтарлықтай байқалды.

Ауыл отбасының денсаулық жағдайы

1. Респонденттердің 88,2% өз денсаулығының жай-күйін жақсы және қанағаттанарлық деп бағалайды. Бұл ретте респонденттердің 41,2% денсаулыққа қатысты қандай да бір проблемалары жоқ. Сауалнама қатысушыларының 30,6% және олардың отбасы мүшелері жиі суық тию, 19,5% созыл-

малы аурулардың мерзімді асқынуы, 12,3% белгіленген диагнозсыз жалпы әлсіздік мазалайды.

2. Сонымен қатар, 41,2% сұралған салауатты өмір салтын ұстанатындарын мәлімдеді. Респонденттердің 46,6% салауатты өмір салтын ішінара қолдайды немесе аракідік сақтайды.

Көші-қон көңіл-күйі

1. Респонденттердің 27,4% қалаға көшуге ниетті. Олардың ішінде Қостанай (53,7%), Атырау (50,0%) және Солтүстік Қазақстан (41,5%) облыстары тұрғындарының үлесі жоғары.

2. Қалаға ықтимал көші-қонның басты «тартушы» факторлары: балалардың білімі (37,2%), жұмыс (34,2%) және жаңа мүмкіндіктер (29,5%).

3. Ауылдан қалаға көші-қонның басты «итермелейтін» факторлары: аудан-

нан, облыс орталығынан шалғайлығы (17,2%), перспективалардың болмауы (16,6%), еңбекақының төмендігінен қаржылық проблемалардың болуы (15,7%).

4. Сауалнама қатысушылары үшін көші-қонның ең басты тежеуші факторы – қалада баспананың болмауы және оны сатып алудың қол жетімсіздігі (71,2%).

II ТАРАУ. БАЛАЛАРҒА ИНВЕСТИЦИЯ САЛУ

2.1 Ата-аналар мен балалардың уақытты бірге өткізуі


Диджитализация және цифрлық технологияларды жаппай пайдалану ғасыры халықтың өмір салтын өзгертеді: бос уақытында белсенді демалыс түрлеріне емес, онлайн режимде уақыт өткізуге артықшылық беріледі – әлеуметтік желілер, онлайн-ойындар, бейне контентті қарау және веб-серфинг және т.б. Балалар мен ата-аналардың бірге уақыт өткізуінің қысқаруына байланысты көптеген отбасыларда салт-дәстүрлер жоғалады: бірлесіп тағам дайындау және тамақтану, ата-әжелермен, жақын достармен іс-шараларды мерекелеу, кешкі серуендер, шынайы әңгімелер. Бірақ бұл өте маңызды, өйткені отбасы баланың жеке басының дамуына зор үлес қосады, онда балалар негізгі өнегелік құндылықтарды меңгереді, алғашқы білім алады, іс-әрекеттің, қарым-қатынастың және салауатты өмір салтын ұстанудың негізгі дағдыларын игереді. Play Well Report (2018) мәліметтері бойынша, ата-аналары балалар ойындарына қатысатын отбасылар са-

лыстырмалы түрде бақытты, мейірімді және конфликтілерге бейім емес³.

Заманауи әлемнің көптеген елдеріне тән жоғарыда сипатталған үрдістерге қарамастан, Қазақстандағы ауыл отбасыларының осы зерттеулері отбасылық демалыстың басым түрі бірлескен уақыт өткізу болып табылатынын көрсетеді. Сұралғандардың көпшілігі бос уақыттарын отбасымен өткізіп, туыстарымен және достарымен (64,0%) сөйлесетіндерін айтты. Бос уақыттың екінші танымал түрі – теледидарды, интернет көздерін (38,2%) көру. 19,3% жағдайда әркім өз ісімен айналысады. 10,2% бос уақытында бүкіл отбасымен қалаға шығады. Белсенді демалыс (балық аулау, көкпар, спорттық ойындар және т.б.) (7,6%) және оқу, қолөнер (7,0%) ауыл отбасылары арасында онша танымал емес (21-диаграмма).

Осылайша, ауыл отбасыларында бос уақытты бірге өткізу үрдісі үстем болғанына қарамастан, пассивті бірлескен демалыс басым – белсенді және шығармашылық демалыстар кең таралмаған.

21-диаграмма. «Отбасыңызбен бос уақытыңызды қалай өткізесіз?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %



*Жауап жиынтығы 100% көп, себебі респондентке жауаптың бірнеше нұсқасын таңдауға мүмкіндік берілді

³ <https://parent-portal.ru/2018/09/13/sovместnye-igry-roditelej-s-detmi-zalog-druzhnoj-i-schastlivoj-semi/>

Сұралғандардың материалдық жағдайы тұрғысынан мәліметтерді талдау отбасылық демалыстың белсенді нысандарын неғұрлым ауқатты қазақстандықтар жиі қолданатынын көрсетті.

Отбасылық демалыстың құндылығы қаржылық қаматамасыз етілген отбасыларда жоғары. Сонымен, бос уақытын отбасы аясында өткізетін респонденттердің 67,3% ештеңеге мұқтаж емес және кез-келген нәрсені ала алады және 68,3% үшін ұзақ мерзімді тауарлардың көпшілігін сатып алу қиындық туғызбайды. Бос уақытын отбасымен өткізетін респонденттердің ең аз үлесі «азық-түлік сатып алуға да ақша жетпейді, үнемі қарызға өмір сүруге тура келеді» са-

натында есептеледі – 54,5%. Бұл жағдайды аз қамтылған отбасылардағы ата-аналардың жұмыстағы шамадан тыс жүктемелерімен түсіндіруге болады, кез-келген бос минут ақша табу және отбасының кем дегенде негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін пайдаланылады, бұл отбасылық өмірдің құбылысы ретінде бірлескен бос уақыттың азаюына алып келеді. Сонымен қатар, жоғарыда аталған санаттағы респонденттерде, басқалармен салыстырғанда, бірлескен отбасылық демалыс кезінде әркім өз ісімен айналысады, бұл осындай отбасыларда бірлескен демалыс мәнінің төмен екенін көрсетеді – 36,4% (24-кесте).

24-кесте. «Отбасыңызбен бос уақытыңызды қалай өткізесіз?» сұрағына жауаптардың бөлінуі (материалдық жағдайы бөлінісінде), %

	Ақша барлығына жетеді, өзіме кез келген затты сатып ала аламын	Көптеген ұзақ мерзімді қолданыстағы тауарларды сатып алу қиынға соқпайды	Ақша тек азық-түлік, киім сатып алуға, коммуналдық қызметтерді төлеуге ғана жетеді, жинақтауға ақша қалмайды	Ақша тек азық-түлік сатып алуға ғана жетеді, бірақ коммуналдық қызметтерді төлеуге жетпейді	Ақша тіпті азық-түлік сатып алуға да жетпейді, үнемі қарызға өмір сүруге тура келеді	Жауап беруге қиналамын
Отбасы ортасында, туыстар және достармен кездесу (отбасылық мейрамдар және т.б.)	67,3	68,3	63,3	60,3	54,5	75,0
Белсенді демалыс (балық аулау, көкпар, спорттық ойындар және т.б.)	12,2	8,3	7,0	6,4	9,1	25,0
Кітап оқу, қолөнермен айналысу	4,1	7,5	7,3	6,4	9,1	0
Теледидар көру, интернетте отыру	34,7	45,0	37,2	42,3	9,1	25,0
Қалаға сапар	8,2	15,8	9,6	6,4	9,1	12,5
Әркім өз ісімен айналысады	30,6	14,2	19,4	16,7	36,4	25,0


Сұралғандардың жас шамасы бойынша мәліметтер айрықшаланады. Көбіне қарт адамдар бос уақытын отбасымен, оның ішінде туыстарымен отба-

сылық мерекелерді өткізеді. Мәселен, 61 және одан жоғары жастағы респонденттердің 75,0% бос уақытын отбасы шеңберінде өткізеді, бұл ретте тиісті

көрсеткіштер басқа жас топтарында да айтарлықтай жоғары – қалған үш топ бойынша олар 60% асады. Респонденттердің ең үлкен жас санатына бел-

сенді отбасылық демалысты (балық аулау, көкпар, спорттық ойындар және т.б.) қалайтындардың ең көп үлесі тиесілі – 16,7% (22-диаграмма).

22-диаграмма. «Отбасыңызбен бос уақытыңызды қалай өткізесіз?» сұрағына жауаптардың бөлінуі (жас шамасы бөлінісінде), %



Әрі қарай респонденттер балаларының бос уақытын қалай өткізетіні туралы сұраққа жауап берді. Сауалнамаға қатысқан ауыл тұрғындарының 50,8% балаларының таза ауада ойнап, серуендейтінін айтты. Жауап берушілердің 36,0% балалардың кино, мультфильмдер және басқа да бейне контент көретіндігін көрсетті. Балалардың 26,9% үй шаруашылығына көмектеседі. Телефондағы, компьютердегі, ойын приставкаларындағы ойындарды ауыл балаларының 22,7% ойнайды, кітап оқиды – 16,8%, әлеуметтік желілерде отырады – 16,2%, шығармашылықпен айналысады (сурет салу, қолөнер, қолөнер жасау) – 12,4%. Балалар арасында

спорт секцияларындағы сабақтар және үйірмелерге, қызығушылық клубтарына бару аса танымал емес. Спорттық сабақтарға, үйірмелер мен қызығушылық клубтарына баратын балалардың аздығы ауылдық жерлерде қосымша білім беру инфрақұрылымының жоқтығымен немесе нашар дамығандығымен түсіндіріледі, бұл ата-аналарды балаларының бос уақытын өз бетінше жоспарлауға және ұйымдастыруға мәжбүр етеді. Мәліметтер көрсеткендей, әдетте, ауылдағы балалардың бос уақыты ата-аналардың ең аз қатысуымен (немесе толық қатыспауымен) (шаруашылық бойынша көмекті қоспағанда) өтеді (25-кесте).

25-кесте. «Сіздің балаларыңыз көбінесе уақыттарын қалай өткізеді?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %

	%
Таза ауада белсенді ойындарды ойнайды, серуендейді	50,8
Кино, мультфильмдер және басқа бейнеконтенттер көреді	36,0
Үй шаруашылығына көмектеседі	26,9
Мобильді құрылғыларда, компьютерде, ойын приставкаларында және т.б. ойын ойнайды	22,7
Кітап оқиды	16,8
Әлеуметтік желілерде отырады	16,2
Сурет салады, қолөнермен айналысады, қолдан бұйымдар жасайды	12,4
Спорт секцияларындағы сабақтарға қатысады	6,6
Қызығушылық бойынша үйірмелерге, клубтарға барады	3,6
Менің балаларым әлі кішкентай	0,9
Бала ұйықтайды	0,1
Жауап беруге қиналамын	1,1

*Жауап жиынтығы 100% көп, себебі респондентке жауаптың бірнеше нұсқасын таңдауға мүмкіндік берілді

2.2. Балалардың білім алуына инвестиция салу

Мектептен тыс қызмет балаларға сабақта немесе отбасында әрдайым алуға мүмкін болмайтын дағдыларды

игеруге септігін тигізеді. Бұл тұрғыда құрылымдалған мектептен тыс іс-шаралар нәтижелі болады. Олар тәжірибелі тәлімгерлердің басшылығымен өтеді, белгілі бір кестеге сәйкес келеді


және ерекше қабілеттерді дамытуға бағытталған. Үйірмелер қалыптастыратын әлеуметтендіру дағдыларының ішінде сарапшылар командада жұмыс істеу, тайм-менеджмент, мақсатқа ұмтылу, тәуелсіздік және қарым-қатынас жасау қабілеттерін ажыратады.

Сауалнама нәтижелеріне сәйкес, Қазақстандағы ауыл балаларының тек 26,5% ғана қосымша сабақтарға, үйірмелерге қатысады. Сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі (73,5%) балаларының қосымша білім беру ұйым-

дарына бармайтынын айтты (23-диаграмма).

Ауыл балалары қосымша біліммен неғұрлым көп қамтылған ел өңірлерінің арасында Маңғыстау облысы көш бастап тұр. Маңғыстау облысы тұрғындарының 70,9% балаларының үйірмелерге қатысатынын атап өтті. Ең аз қамту Павлодар (100%), Солтүстік Қазақстан (84,0%) және Алматы (84,1%) облыстарында тіркеледі, мұнда балалардың 80% астамы қосымша сабақтарға қатыспайды.

23-диаграмма. «Балаларыңыз қосымша сабақтарға, үйірмелерге қатысады ма?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %



Бұл жағдайда материалдық фактор да орын алады. Мәселен, кедейлік шегінен төмен тұратын респонденттер

арасында қосымша білім беру ұйымдарына бармау деңгейі 90,9% құрады (26-кесте).


26-кесте. «Балаларыңыз қосымша сабақтарға, үйірмелерге қатысады ма?» сұрағына жауаптардың бөлінуі (материалдық жағдайы бөлінісінде), %

	Иә	Жоқ
Ақша барлығына жетеді, өзіме кез келген затты сатып ала аламын	28,6	71,4
Көптеген ұзақ мерзімді қолданыстағы тауарларды (тоңазытқыш, теледидар және т.б.) сатып алу қиынға соқпайды	26,7	73,3
Ақша тек азық-түлік, киім сатып алуға, коммуналдық қызметтерді төлеуге ғана жетеді, жинақтауға ақша қалмайды	27,0	73,0
Ақша тек азық-түлік сатып алуға ғана жетеді, бірақ коммуналдық қызметтерді төлеуге жетпейді	23,1	76,9
Ақша тіпті азық-түлік сатып алуға да жетпейді, үнемі қарызға өмір сүруге тура келеді	9,1	90,9
Жауап беруге қиналамын	37,5	62,5

Мәліметтер респонденттердің білім деңгейіне байланысты да айрықшаланады. Білімді ата-аналардың балалары үйірмелерге жиі баратыны белгілі болды. Орта білімі барлар арасында

балалардың қосымша сабақтарға қатысу пайызы 20,6%, аяқталмаған жоғары білімі барлар арасында – 47,6%, ал жоғары білімі бар респонденттер арасында – 27,9% құрады (24-диаграмма).


24-диаграмма. «Балаларыңыз қосымша сабақтарға, үйірмелерге қатысады ма?» сұрағына жауаптардың бөлінуі (білім деңгейі бөлінісінде), %



Респонденттердің жас шамасы бойынша корреляция анықталды: жас респонденттердің балалары 30 жастан асқан респонденттердің балаларына қарағанда үйірмелерге сирек барады, бұл балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты. 30 жасқа дейінгі респонденттердің балалары қосымша білім беру ұйымдарына баруға әлі кішкентай (25-диаграмма). Балалары қосымша сабақтарға/үйірмелерге қатысатын ре-

спонденттердің ең көп үлесі 46-60 жас санатына жатады. Үлкен жастағы ата-аналар балаларына қосымша инвестиция салу қажеттілігін көбірек түсінеді деп болжауға болады. Сонымен қатар, 46-60 жас аралығындағы респонденттер арасында немерелеріне қосымша білім беруді ұйымдастыруға көп уақыт бөле алатын әжелер мен аталардың үлесі үлкен болуы әбден мүмкін.

25-диаграмма. «Балаларыңыз қосымша сабақтарға, үйірмелерге қатысады ма?» сұрағына жауаптардың бөлінуі (жас шамасы бөлінісінде), %



Ауыл отбасыларынан шыққан балаларды қосымша білім беру ұйымдарына тартудың төмен болуының басты себебі ауылдарда қосымша білім беру инфрақұрылымының жоқтығы болып табылады (бұл туралы сұралғандардың 44,4% мәлімдеді). Балалардың үйірмелерге қатыспауының тағы бір маңызды себебі – балалар тарапынан қосымша сабақтарға қызығушылықтың болмауы (17,0%). 16,1% қосымша сабақтарға балалардың бармауын

ақы төлеуге қаражаттың жоқтығымен түсіндіреді (27-кесте).

Көбіне елді мекендерінде қосымша білім беру инфрақұрылымының жоқтығын Атырау (78,3%), Шығыс Қазақстан (64,7%) және Қостанай (58,1%) облыстарының тұрғындары атап өтті. Маңғыстау (50%), Солтүстік Қазақстан (38,1%) және Түркістан (31,3%) облыстарында респонденттер басқаларға қарағанда үйірмелерге ақы төлеу үшін қаражаттың жетіспейтіндігін айтқан.

27-кесте. «Балаларыңыз қандай себепке байланысты қосымша сабақтарға, үйірмелерге қатыспайды?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %

	%
Біз тұратын жерде балаларға арналған қосымша сабақтар мен үйірмелер жоқ	44,4
Біздің кенттегі/ауылдағы қосымша сабақтар мен үйірмелер балаға қызық емес	17,0
Қосымша сабақтар мен үйірмелердің ақысын төлеуге ақша жоқ	16,1
Менің балаларым әлі кішкентай	11,2
Карантинге байланысты үйірмелер жабық	1,9
Балаларым ер жетті	0,5
Балаларды алып бару мүмкіндігі жоқ	0,2
Жауап беруге қиналамын	8,7

Респонденттердің жалпы санының 74,7% мектепке дейінгі балалар мекемелеріне баратын балалары бар. Сауалнама барысында респонденттердің бұл тобы мектепке дейінгі ұйымдардың жұмысын мынадай параметрлер бойынша бағалады: сабақ сапасы, ғимараттардың жай-күйі, балалармен қосымша сабақ көлемі, балабақшаға орналасудың қиындығы, балабақшаның беделі, бағаның қолжетімділігі, тамақтану сапасы, мектепке дайындық, бала күтімі.

Респонденттер «бала күтімі», «тамақтану сапасы» және «мектепке дайындық» сияқты параметрлерді жоғары бағалады, осы көрсеткіштердің орташа мәні сәйкесінше 3,92 балл, 3,80 балл және 3,74 балл.

Мектепке дейінгі балалар мекемелерінің «балабақшаның беделі», «тәрбиешілер мен оқытушылардың білік-

тілігі», «балалармен қосымша сабақтар саны», «баланы күтіп-бағу бағасының қолжетімділігі» және «ғимараттардың, жиһаздың және т.б. жай-күйі» сияқты құрамдас бөліктері орташа позицияға жайғасты, көрсетілген сипаттамалардың орташа мәндері тиісінше 3,70 балл, 3,69 балл, 3,54 балл, 3,55 балл және 3,51 баллды құрады (28-кесте).

Респонденттер «балабақшаға орналасудың қиындығы» сияқты критерийге ең төмен баға берді, мұнда орташа баға 3,27 баллды құрады. Бұл мектепке дейінгі мекемелердегі орындардың жетіспеушілігінен және жүйеге тіркелу, орындарды бақылау, балабақшаны таңдау және балабақшадан орын алу үшін қажырлықты қажет ететін «Индиго» электрондық жүйесін пайдалана білмеуінен туындауы мүмкін.

28-кесте. «Сіздің балаңыз баратын мектепке дейінгі мекемені келесі сипаттамаларға сәйкес бағалаңыз (бес балдық шкала бойынша)» сұрағына жауаптардың бөлінуі, % және орташа мән

	Өте төмен	2	3	4	Өте жоғары	Ж.б.қ.	Орташа мән
Балалармен өткізілетін сабақтың сапасы, тәрбиешілер мен оқытушылардың біліктілігі	1,2	8,7	26,5	36,1	19,0	8,7	3,69
Ғимараттың, жиһаздың және т.б. жай-күйі	3,6	9,1	29,7	36,0	13,9	7,7	3,51
Балалармен өткізілетін қосымша сабақтар саны	4,6	10,8	22,3	38,1	15,3	8,9	3,54
Балабақшаға орналасудың қиындығы	6,5	16,3	28,8	24,8	14,4	9,1	3,27
Балабақшаның беделі, абыройы	3,6	7,5	23,1	34,6	21,4	9,9	3,70
Баланы күтіп-бағу бағасының қолжетімділігі	1,0	11,5	33,6	26,1	18,7	9,1	3,55
Тамақтану сапасы	0,7	7,5	23,1	38,2	21,6	8,9	3,80
Мектепке дайындау	0,7	6,7	26,7	39,2	18,3	8,4	3,74
Бала күтімі	0,7	3,4	21,6	42,9	23,0	8,4	3,92

Сонымен қатар, мектеп жасындағы балалары бар ата-аналар балалары баратын мектептердің қызметін келесі параметрлер бойынша бағалады: білім сапасы, тәрбие сапасы, үй-жайлардың, жиһаздардың, спорт ғимараттарының жай-күйі, қауіпсіздік, педагогикалық ұжым, мұғалімнің оқушылармен қарым-қатынасы. Жалпы респонденттердің 86% мектеп мекемелеріне баға берді.

Айта кету керек, респонденттер мектепте білім беру ұйымдарын мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына қарағанда жоғары бағалады. Бірінші жағдайда, зерттелген параметрлер бойынша бағалау 3,57 балдан төмен түспеді, ал ба-

лабақшалар жағдайында 3,27 балдық бағалар болды.

Мектеп қызметінде респонденттер «мұғалім мен оқушының өзара іс-қимылы» және «педагогикалық ұжым» сияқты сипаттамаларды жоғары бағалады, сәйкесінше 3,98 және 3,96 балл. Орта позицияны келесі параметрлер иеленді: «тәрбие сапасы» (3,84 балл), «білім сапасы» (3,78 балл) және «қауіпсіздік» (3,77 балл). Респонденттер мектеп мекемелерінің жұмысында орташа мәні 3,57 балды құрайтын ғимараттардың, жиһаздың, спорт құрылыстарының жай-күйін төмен бағалады (29-кесте).

29-кесте. «Сіздің балаңыз баратын мектептің қызметін келесі сипаттамаларға сәйкес бағалаңыз» сұрағына жауаптардың бөлінуі, % және орташа мән

	Өте төмен	2	3	4	Өте жоғары	Ж.б.қ.	Орташа мән
Білім сапасы	1,4	5,4	24,6	48,7	17,8	2,1	3,78
Тәрбие сапасы	0,8	6,0	21,1	49,5	20,2	2,4	3,84
Ғимараттың, жиһаздың, спорттық ғимараттың жағдайы	4,1	6,0	32,4	39,0	15,2	3,2	3,57
Қауіпсіздік	1,9	5,6	23,8	47,0	18,4	3,3	3,77

	Өте төмен	2	3	4	Өте жоғары	Ж.б.қ.	Орташа мән
Педагогикалық ұжым	0,6	5,9	17,6	46,3	27,0	2,5	3,96
Мұғалім мен оқушының өзара іс-қимылы	0,8	5,4	17,8	44,5	28,8	2,7	3,98

Жылдар өткен сайын білім берудің құндылығы оның құны сияқты өсіп келеді. Қазақстанда жоғары білімді мемлекеттік бюджет есебінен және коммерциялық негізде алуға болады, алайда грантқа түсу әркімге мүмкін бола бермейді, сондықтан кейбір ата-аналар оқуға арналған жинақ туралы балаларының мектепке баруынан әлдеқайда ерте ойлана бастайды. Зерттеу нәтижесінде қазақстандық отбасылардың 33% балаларына білім беру үшін ақша қаражатын жинақтау бойынша іс-қимыл жасай бастағаны анықталды. Оның ішінде 12% үнемделген ақшаны жинақтайды және оны үйде сақтайды, тағы 12,1% болашақта сату және балаларды оқыту үшін мал шаруашылығымен айналысады, 7,8% ақшаны банктің білім алуға арналған жинақтау депозитіне салады, 1% болашақта білім алуға табыс алу үшін жылжымайтын мүлікке инвестициялайды (30-кесте).

Бұл ретте сұралғандардың 69,8% балалардың білім алуына ақша қаражатының жинақталуын жүргізбейді, олардың басым бөлігі жинақтауға қаражаттың жетіспеуі себебінен (56,1%), басқалары (13,4%) оқуға грант ұтып

алады деп күтуде, қалғандары (0,3%) бұл туралы әлі ойланбаған.

Өңірлер бөлінісінде балалардың білім алуына қаражатты негізінен Маңғыстау (98,2%), Солтүстік Қазақстан (84,0%), Қарағанды (75,0%), Ақмола (65,4%) және Қостанай (64,3%) облыстарының тұрғындары жинақтай алмайды.

Білім алуға жинақтарды жүргізудің мүмкін еместігі туралы аз қамтамасыз етілген қазақстандықтар айтқаны анық. Мәселен, ештеңеге мұқтаж емес адамдар арасында бұл көрсеткіш 10,2% құрады, кедейлік шегінен төмен тұратындар арасында көрсеткіш 8 есе жоғары – 81,8%.

Респонденттердің жас шамасы тұрғысынан мәліметтерді талдау көрсеткендей: респондент неғұрлым жас болса, соғұрлым ол балаларының білім алуына жинақ жасамайтын ықтималдығы жоғары болады.

Әлеуметтік мәртебе тұрғысынан алғанда, бизнесмендер көбіне балалардың білім алуына ақша жинайды. Кері жағдай студенттерге, жұмыссыздарға және үй шаруасындағы әйелдерге тән.

30-кесте. «Сіз балалардың білім алуына ақша қаражаттарын жинақтайсыз ба?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %

	%
Иә, үнемделген ақшаны жинап, үйде сақтаймыз	12,1
Иә, банкке білім беру жинақтау депозитіне саламыз	7,8
Иә, болашақта балалар білім алуы үшін сататын мал өсіреміз	12,1
Иә, болашақта балалар білім алу үшін жылжымайтын мүлікке инвестиция саламыз	1,0
Жоқ, жинақтауға қаражат жетпейді	56,1
Жоқ, біз оқуға грант аламыз деп үміттенеміз	13,4
Бұл туралы әлі ойланбаппыз	0,3
Жауап беруге қиналамын	3,3

2.3 Ауыл ата-аналарының балалармен өзара іс-қимылындағы ұстанымдары


Соңғы уақытқа дейін балаларға қатысты зорлық-зомбылық мәселесін талқылау табу болды. Отбасыишілік конфликтілер тақырыбы жабық болды, отбасылық қатынастарға араласу әдепсіз болып саналды. Отбасындағы зорлық-зомбылық мәселесі шамамен бір ғасыр бұрын Еуропада жанданды және қазіргі уақытта зорлық-зомбылықтың әр түрі әкімшілік жазадан түрмеге дейін жазланады. Ең ауыр жазалар – Солтүстік Еуропада. Мысалы, Швецияда тұрмыстық зорлық-зомбылықтың барлық түрлері қылмыстандырылған.

Қазақстанда тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы заң 10 жылдан бері қолданылып келеді, алайда осы уақыт ішінде елде зорлық-зомбылық деңгейі төмендеген жоқ. ҚР БП

ҚСЖАЕК ресми деректеріне сәйкес отбасылық-тұрмыстық салада тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар өсу сипатына ие. Мәселен, отбасылық-тұрмыстық саладағы қылмыстық құқық бұзушылық саны 2017 жылы – 443, 2018 жылы – 898, 2019 жылы – 1030 және 2020 жылдың 6 айында – 500 жағдайды құраған.

Осы зерттеу барысында респонденттерден бала тәрбиесінде күш қолдану орындылығы жайлы сұрақ қойылды. Респонденттердің 74,2% бұл орынды емес деп санайды. 20,2% балаларына көтенінен шапалақпен жай ғана тартып жіберу орынды деп санайды. Респонденттердің 3,2% балаларды физикалық жазалау орынды деп есептейді (26-диаграмма). Өңірлік аспектіде мұндай пікірді Алматы (8,2%) және Жамбыл (9,1%) облыстарының тұрғындары жиі ұстанды.

26-диаграмма. «Сіз баланы тәрбиелеуде күш жұмсау орынды деп есептейсіз бе?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %



Респонденттердің жас шамасына байланысты кейбір тәуелділіктер байқалады: 61 және одан жоғары жастағы топ өкілдері басқа жас топтарына қарағанда балаларды тәрбиелеуде күш

қолдану ұйғарындылығын жиі қолдайды («Иә, көтенінен шапалақпен жай ғана тартып жіберу орынды деп санаймын» жауап нұсқасы) (31-кесте).

31-кесте. «Сіз баланы тәрбиелеуде күш жұмсау орынды деп есептейсіз бе?» сұрағына жауаптардың бөлінуі (жас шамасы бөлінісінде), %

	18-28	29-45	46-60	61 және одан жоғары жас
Иә, мен балаларды физикалық жазалау орынды деп санаймын	4,0	3,6	0,7	5,3
Иә, көтенінен шапалақпен жай ғана тартып жіберу орынды деп санаймын	18,3	21,5	16,2	31,6
Жоқ, күш жұмсау орынсыз деп санаймын	74,8	73,7	79,7	55,3
Бала тәрбиесіне қатыспаймын	0,5	0	0	0
Жауап беруге қиналамын	2,5	1,2	3,4	7,9

Жынысы, материалдық жағдайы, білім деңгейі және әлеуметтік мәртебесіне қатысты мәліметтерде айырмашылықтар табылған жоқ.

Қазақстандықтарды балаларымен өзара қарым-қатынастарында көбіне тіл алмаушылық (15,6%), балалармен сөйлесуге уақыттың жетіспеуі (14,8%) және сенімнің жоқтығы (12,2%) толғандырады. Ауыл отбасыларында балалар-

дың ата-аналардың назары үшін өзара күресі, балалардың бір-біріне қамқорлығының жоқтығы және балалармен ортақ қызығушылықтардың болмауы сияқты проблемалар өзектілігі төмен болып табылады, тиісінше 5,8%, 5,5% және 5,5%.

Респонденттердің 54,3% балаларымен қарым-қатынаста оларды ештеңе алаңдатпайтынын атап өтті (32-кесте).

32-кесте. «Балаларыңызбен қарым-қатынаста Сізді не алаңдатады?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %

	%
Сенімнің жоқтығы	15,6
Балалардың бір-біріне қамқорлықтарының жоқтығы	14,8
Ата-аналардың назары үшін балалардың өзара күресі	12,2
Балалармен сөйлесуге уақыттың болмауы	5,8
Тіл алмаушылық	5,5
Балалармен ортақ қызығушылықтардың жоқтығы	5,5
Ештеңе алаңдатпайды	54,3
Балалардың гаджеттерге, Интернетке қызығуы	0,4
Жауап беруге қиналамын	2,0

*Жауап жиынтығы 100% көп, себебі респондентке жауаптың бірнеше нұсқасын таңдауға мүмкіндік берілді

II ТАРАУ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ

Ата-аналар мен балалардың бірге уақыт өткізуі

1. Отбасындағы бос уақыттың ең кең таралған түрі – туыстарымен қарым-қатынас және отбасылық мерекелер (64,0%), респонденттердің тағы 38,2% бос уақытында теледидар көреді немесе интернетте уақыт өткізеді. Шамамен әрбір бесінші респондент отбасындағы әрбір адам өз ісімен айналысатынын атап өтті. Түйінді кестелерді талдау отбасылық демалыстың белсенді түрлерін неғұрлым ауқатты қазақстандықтар жиі өткізетінін, оларда бірлескен отбасылық

демалыстың құндылығы неғұрлым жоғары екенін көрсетеді.

2. Бос уақытында ауыл отбасыларындағы балалардың көпшілігі жеке қалады. Респонденттердің жартысының балалары негізінен таза ауада ойнайды, 36,0% респонденттің балалары бос уақытында кино мен мультфильмдер көреді, 22,7% – мобильді құрылғыларда, компьютерде, ойын приставкаларында ойнайды, 16,2% – әлеуметтік желілерде отырады. 26,9% респондентке балалары үй шаруашылығына көмектеседі.

Балалардың білім алуына инвестиция салу

1. Қазақстандағы ауыл балаларының тек 26,5% ғана қосымша сабақтарға, үйірмелерге қатысады. Қосымша білім берудің неғұрлым өткір жағдайы Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Алматы облыстарында байқалады, мұнда балалардың 80% астамы қосымша сабақтарға қатыспайды. Сонымен қатар, аз қамтылған отбасылар арасында қосымша білім беру ұйымдарына бармау деңгейі жоғары. Балалардың үйірмелерге немесе секцияларға қосымша қатыспауының негізгі себептері ауылда мұндай үйірмелер мен секциялардың болмауы (44,4%) және осы сабақтар ақысын төлеуге ақшаның жетіспеуі (16,1%) болып табылады.

2. Респонденттер мектепке дейінгі мекемелер қызметінің «бала күтімі», «тамақтану сапасы» және «мектепке дайындық» сияқты параметрлерін жоғары бағалады, осы көрсеткіштердің орташа мәндері тиісінше 3,92 балл, 3,80 балл және 3,74 балды құрады.

3. Респонденттер «балабақшаға орналасудың қиындығы» сияқты параметрге ең төмен баға берді, мұнда орташа мән 3,27 баллды құрады.

4. Мектеп қызметінде респонденттер «мұғалім мен оқушының өзара іс-қимылы» және «педагогикалық ұжым» сияқты сипаттамаларды жоғары бағалады, сәйкесінше 3,98 және 3,96 балл.

5. Мектеп мекемелерінің жұмысында респонденттер ғимараттардың, жиназдың, спорт ғимараттарының жай-күйін төмен бағалады, орташа мәні 3,57 балды құрады.

6. Респонденттердің жартысынан көбіне (56,1%) балаларының болашақ біліміне қаражат жинақтау үшін ақша жетпейді. Сұралғандардың 13,4% оқуға грант ұтып алуға ғана сенеді. 33,0% әртүрлі жинақтаушы білім стратегияларын қолданады: 12,1% балаларды оқытуға ақша жинайды және кейін сату үшін мал өсіреді; 7,8% білім алу үшін жинақтау салымы бар.

Ауыл ата-аналарының балалармен өзара іс-қимылындағы ұстанымдары

1. Респонденттердің көпшілігі (74,2%) бала тәрбиесінде физикалық күш қолдану орынды емес деп санайды. Әрбір бесінші респондент шапалақты орында деп санайды. Балалардың физикалық жазаларын мақұлдайтындардың үлесі шамалы, бірақ оның болу фактісінің өзі сақтықты тудырады – 3,2%. Сонымен қатар, респонденттер тарапынан әлеуметтік мақұлданған жауаптардың ықтималдығын ескере отырып,

бұл көрсеткіш іс жүзінде одан да жоғары болуы мүмкін.

2. Респонденттердің 54,3% балаларымен қарым-қатынаста қандай да бір проблемалар жоқ. Респонденттердің 15,6% балаларының тіл алмаушылығына, олардың тарапынан сенімнің болмауына алаңдайды (12,2%). Респонденттердің 14,8% балаларымен сөйлесуге уақыт жоқ деп санайды.

III ТАРАУ. МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ ТУРАЛЫ ХАБАРДАР БОЛУ. МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР ЖҰМЫСЫН, ИНФРАҚҰРЫЛЫМ МЕН ҚОРШАҒАН ОРТА САПАСЫН БАҒАЛАУ


3.1 Ауыл отбасыларының мемлекеттік қолдау туралы ақпараттану деңгейі

Қазақстанда неше түрлі өмірлік жағдайларды ескеретін өмірдің барлық кезеңдерінде азаматтардың түрлі санаттары үшін әртүрлі мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мен төлемдердің едәуір саны бар. Әлеуметтік қолдау елімізде отбасының бес санатына көрсетіледі. Бірінші санат – бір жасқа дейінгі балалары бар аналар мен отбасылар, екінші санат – көп балалы отбасылар, одан кейін мүгедек балалары бар отбасылар, төртінші санат – аз қамтылған отбасылар және бесінші санат – асыраушысынан айырылған немесе балаларды қорғаншылыққа және қамқоршылыққа алған отбасылар. Бұл тарауда біз ауылдық отбасылардың мем-

лекеттік қолдау туралы қаншалықты хабардар екенін қарастырамыз.

Мемлекеттің әлеуметтік қолдауына қанағаттану деңгейін анықтау үшін респонденттерге тиісті сұрақ қойылды: **«Сіздің Қазақстандағы отбасының әлеуметтік қолдау деңгейіне көңіліңіз толады ма?»**. Алынған жауаптарға сәйкес, сұралғандардың 63,3% Қазақстандағы отбасыларға көрсетілетін әлеуметтік қолдау деңгейіне қанағаттанады («иә, көңілім толады» және «көңілім толады деуге болады» жауаптарының жиынтық көрсеткіші). Әрбір үшінші адам отбасын әлеуметтік қолдау деңгейіне қанағаттанбайтындығын білдірді – 31,4% («жоқ, көңілім толмайды» және «көңілім толмайды деуге болады» жауап нұсқаларының жиынтық көрсеткіші) (27-диаграмма).

27-диаграмма. «Сіздің Қазақстандағы отбасын әлеуметтік қолдау деңгейіне көңіліңіз толады ма?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %



Әлеуметтік-демографиялық сипаттамалар бөлінісінде зерттеу нәтижелерін талдау отбасының әлеуметтік қолдау деңгейіне неғұрлым көңілі толатындар қатарында жастар (69,2%), халықтың неғұрлым қамтамасыз етілген жіктері (81,3%), мемлекеттік қызметкерлер (74,5%) және бюджеттік ұйымдар қызметкерлері (71,4%) бар екенін көрсетті. Қазақстандағы отбасының

әлеуметтік қолдау деңгейіне көңілі толмайтындар – 46-60 жастағылар (58,9%), кедейлік шегінде өмір сүретіндер (10,5%), жеке сектор жұмысшылары (51,7%), бизнесмендер (65,2%), жеке кәсіпкерлер (61,0%) және жұмыссыздар (54,8%), бірақ 50 және одан да жоғары пайызды құрайтын көңілі толу деңгейін төмен деп айтуға келмейді (33, 34, 35-кесте).

33-кесте. «Сіздің Қазақстандағы отбасын әлеуметтік қолдау деңгейіне көңіліңіз толады ма?» сұрағына жауаптардың бөлінуі (жас шамасы бөлінісінде), %

	18-28	29-45	46-60	61 және одан жоғары жас
Иә, көңілім толады	27,1	20,0	21,1	25,1
Көңілім толады деуге болады	42,1	40,1	37,7	43,6
Көңілім толмайды деуге болады	13,2	20,5	22,3	17,9
Жоқ, көңілім толмайды	10,5	14,5	15,5	7,2
Жауап беруге қиналамын	7,1	4,9	3,4	6,2

34-кесте. «Сіздің Қазақстандағы отбасын әлеуметтік қолдау деңгейіне көңіліңіз толады ма?» сұрағына жауаптардың бөлінуі (материалдық жағдайы бөлінісінде), %

	Ақша барлығына жетеді, өзіме кез келген затты сатып ала аламын	Көптеген ұзақ мерзімді қолданыстағы тауарларды сатып алу қиынға соқпайды	Ақша тек азық-түлік, киім сатып алуға, коммуналдық қызметтерді төлеуге ғана жетеді, жинақтауға ақша қалмайды	Ақша тек азық-түлік сатып алуға ғана жетеді, бірақ коммуналдық қызметтерді төлеуге жетпейді	Ақша тіпті азық-түлік сатып алуға да жетпейді, үнемі қарызға өмір сүруге тура келеді	Жауап беруге қиналамын
Иә, көңілім толады	49,3	20,3	22,2	15,0	5,3	31,8
Көңілім толады деуге болады	32,0	52,9	41,3	33,6	5,3	22,7
Көңілім толмайды деуге болады	6,7	16,9	18,9	25,0	47,4	9,1
Жоқ, көңілім толмайды	8,0	4,7	12,5	22,1	36,8	13,6
Жауап беруге қиналамын	4,0	5,2	5,1	4,3	5,3	22,7

35-кесте. «Сіздің Қазақстандағы отбасын әлеуметтік қолдау деңгейіне көңіліңіз толады ма?» сұрағына жауаптардың бөлінуі (әлеуметтік статус бөлінісінде), %


	Мемлекеттік қызметкер	Бюджеттік мекемеде жұмыс жасайды	Жеке меншік салада жұмыс жасайды	Жеке бизнес	Жеке еңбек қызметі	Фрилансер (қызмет көрсету келісім-шартының қызметкері)	Жеке қосалқы шаруашылықта, отбасылық кәсіпорында жұмыспен қамтылғандар	Зейнеткер	Студент	Үй шаруасындағы әйел	Жұмыссыз
Иә, көңілім толады	31,1	25,1	15,4	17,4	23,7	30,0	23,1	27,2	16,7	23,7	15,5
Көңілім толады деуге болады	43,5	46,2	36,3	47,8	37,3	30,0	38,5	39,9	61,1	37,0	39,3
Көңілім толмайды деуге болады	11,2	16,1	26,6	8,7	16,9	20,0	25,0	18,5	5,6	17,8	20,2
Жоқ, көңілім толмайды	9,9	6,5	16,9	13,0	15,3	20,0	9,6	8,1	11,1	17,0	20,2
Жауап беруге қиналамын	4,3	6,0	4,9	13,0	6,8	0	3,8	6,4	5,6	4,4	4,8

Өңірлер бөлінісінде мемлекеттің отбасыларды қолдауға көңілінің толуының жоғары деңгейін Маңғыстау (93,1%), Жамбыл (91,0%), Ақтөбе (82,9%), Шығыс Қазақстан (81,1%) облыстарының тұрғындары, ең төмен көрсеткіштерді Батыс Қазақстан (35,8%), Ақмола (35,3%) және Солтүстік Қазақстан (30,2%) облыстарының тұрғындары көрсетті.

Ауылдық жерлерде тұратын қазақстандықтар үшін мемлекеттік бағдарламалар туралы ақпараттың басты көзі телевизия (65,6%) болып табыла-

ды. Екінші және үшінші орынды интернет-сайттар (42,8%) және әлеуметтік желілер (39,3%) алады. Сауалнамаға қатысқан әрбір төртінші адам мемлекеттік бағдарламалар туралы достары мен таныстары арқылы біледі (26,4%). Мемлекеттік бағдарламалар туралы ақпарат алу көзінің бестігін газеттер түйіндеп тұр – 12,4%. Қазақстандықтар мемлекеттік бағдарламалар туралы радио және көшедегі хабарландырулар арқылы өте сирек біледі, тиісінше 6,6% және 2,2% (28-диаграмма).

28-диаграмма. «Сіз мемлекеттік бағдарламалар туралы мәліметті қандай ақпарат көздерінен аласыз?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %



*Жауап жиынтығы 100% көп, себебі респондентке жауаптың бірнеше нұсқасын таңдауға мүмкіндік берілді

Респонденттердің жас шамасына байланысты мәліметтерде айырмашылықтар бар. Сонымен, дәстүрлі БАҚ-тың танымалдылық деңгейі респонденттердің жасымен қатар өседі. Жаңа медианың (интернет-сайттар, әлеуметтік желілер) танымалдылығы,

керісінше, респонденттердің жасына пропорциялық кері қарай артады. Жастар мемлекеттік бағдарламалар туралы ақпаратты интернет, әлеуметтік желілер, ал егде жастағы респонденттер – телевизия арқылы жиі алады (36-кесте).

36-кесте. «Сіз мемлекеттік бағдарламалар туралы мәліметті қандай ақпарат көздерінен аласыз?» сұрағына жауаптардың бөлінуі (жас шамасы бөлінісінде), %

	18-28	29-45	46-60	61 және одан жоғары
Теледидар	49,4	62,8	76,4	79,5
Интернет-сайттар	57,3	48,1	37,1	17,9
Әлеуметтік желілер	49,1	46,6	33,0	16,9
Радио	4,1	5,8	7,9	10,3
Көшедегі хабарландырулар	0,4	2,8	3,0	2,1
Газеттер	7,1	10,5	16,1	19,0
Достарымнан/ таныстарымнан	27,3	25,2	27,7	26,2
Ештеңе білмеймін, қызықпаймын	6,0	3,8	5,2	7,7

Өңірлер бойынша бөліністе мемлекеттік бағдарламалар туралы телевизия арқылы Павлодар (100%) және Ақтөбе (95,1%) облыстарының тұрғындары жиі біледі. Интернет-сайттарды мемлекеттік бағдарламалар туралы ақпарат көзі ретінде Маңғыстау облысының (75,9%), Қарағанды облысының (61,7%), Атырау облысының (59,1%) және Ақтөбе облысының (58,5%) тұрғындары жиі таңдайды. Әлеуметтік желілер арқылы мемлекеттік бағдарламалар туралы көбіне Ақтөбе (85,4%) Атырау (65,9%) және Батыс Қазақстан (62,3%) облыстарының тұрғындары біледі.

Зерттеу барысында ауыл отбасылары арасында ең танымал мемлекеттік бағдарламалар/қолдау шаралары мыналар екені белгілі болды:

- 1 жасқа дейінгі бала күтімі бойынша жәрдемақы – ақпараттану деңгейі 82,6% («бір нәрсе естідім», «жақсы білемін, бірақ қатыспадым», «білемін, қатыстым» жауаптарының жиынтық көрсеткіші);

- Бала туылғанда берілетін біржолғы жәрдемақы – ақпараттану деңгейі 82,3%;

- Жүктілік және босану бойынша төлем – ақпараттандыру деңгейі 80,9%

- Көп балалы аналарға ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы – ақпараттану деңгейі 78,9%;

- Жүктілігі және босануы бойынша демалыс – ақпараттану деңгейі 78,1%

Ауылдарда тұратын қазақстандықтар

мына мемлекеттік бағдарламалар туралы аз біледі:

- Өңірлерді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы – сұралғандардың 50% бағдарлама туралы ештеңе білмейді және естімеген;

- Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы – 46,5% бағдарлама туралы білмейді;

- «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы – 45,6% бағдарламасы туралы білмейді;

- Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (агроөнеркәсіптік кешен саласында кредит беру, мал шаруашылығын субсидиялау және т.б.), халықтың хабардар болмау деңгейі – 45,5%.

Ауыл халқының қатысу деңгейі мынадай мемлекеттік бағдарламаларда/қолдау шараларында жоғары: бала туылғанда берілетін біржолғы жәрдемақы (31,8%), 1 жасқа дейінгі бала күтімі бойынша жәрдемақы (30,3%), жүктілік және босану бойынша төлем (29,8%), жүктілік және босану бойынша демалыс (23,8%), көп балалы аналарға берілетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы (18,5%), атаулы әлеуметтік көмек (12,0%).

Ауыл халқының қатысуының ең төменгі деңгейі Нәтижелі жұмыспен қамтуды

және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы (3,8%), Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (агроөнеркәсіптік кешен саласында кредит беру, мал шаруашылығын

субсидиялау және т.б.) (4,0%), «Нұрлы жер» тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй, ЖТҚ үшін жер учаскесін беру) (4,2%) сияқты бағдарламаларға тиесілі екені анықталды (37-кесте).

37-кесте. «Ауылдық отбасыларды қолдау бойынша қандай мемлекеттік бағдарламаларды/шараларды білесіз, естідіңіз және оларға қатыстыңыз?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %

Мемлекеттік бағдарламалар/шаралар	Бір нәрсе естідім	Жақсы білемін, бірақ қатыспадым	Білемін, қатыстым	Ештеңе білмеймін, естіген жоқпын
Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (агроөнеркәсіптік кешен саласында кредит беру, мал шаруашылығын субсидиялау және т.б.)	29,7	20,9	4,0	45,5
Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы	29,3	20,4	3,8	46,5
Өңірлерді дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы	26,1	19,2	4,8	50,0
«Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы	29,5	19,9	4,9	45,6
«Бизнестің жол картасы – 2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы	32,4	22,3	5,2	40,1
«Дипломмен ауылға!» бағдарламасы	32,1	28,1	8,0	31,8
Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы	31,1	23,2	7,6	38,1
Тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020 – 2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы (сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй, ЖТҚ үшін жер учаскесін беру)	32,2	24,5	4,2	39,2
Атаулы әлеуметтік көмек	35,3	26,3	12,0	26,5
Бала туғанда берілетін біржолғы мемлекеттік жәрдемақы	27,6	22,9	31,8	17,8
Жүктілікке және босануға байланысты жәрдемақы	27,9	23,3	29,8	19,1
Баланың бір жасқа толғанға дейінгі күтімі бойынша әлеуметтік жәрдемақы	28,3	24,1	30,3	17,4
Көп балалы аналарға төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы	32,8	27,6	18,5	21,1
Жүктілікке және босануға байланысты демалыс	29,0	25,4	23,8	21,9

Өңірлер бөлінісінде мемлекеттік бағдарламалар туралы ақпараттанудың неғұрлым төмен деңгейін Қарағанды және Павлодар облыстарының тұрғындары көрсетті. Бұдан басқа, мемлекеттік бағдарламалар туралы неғұрлым аз ақпа-

раттандырылғандар қатарында Солтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарының тұрғындары бар – бұл өңірлерде ауыл халқының 60% астамы отбасын қолдау саласындағы мемлекеттік бағдарламалар туралы ештеңе білмейді (38-кесте).

38-кесте. «Ауылдық отбасыларды қолдау бойынша қандай мемлекеттік бағдарламаларды/шараларды білесіз, естідіңіз және оларға қатыстыңыз?» сұрағына жауаптардың бөлінуі («ештеңе білмеймін, естіген жоқпын» жауап нұсқасы) (өңірлер бөлінісінде), %

Мемлекеттік бағдарламалар/шаралар/Өңірлер	Ақмола	Ақтөбе	Алматы	Атырау	Батыс Қазақстан	Жамбыл	Қарағанды	Қостанай	Қызылорда	Маңғыстау	Түркістан	Павлодар	Солтүстік Қазақстан	Шығыс Қазақстан
Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (агроөнеркәсіптік кешен саласында кредит беру, мал шаруашылығын субсидиялау және т.б.)	50,7	41,5	51,0	22,7	28,3	2,0	87,2	25,4	61,2	62,7	43,3	84,2	67,9	43,3
Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы	57,4	51,2	51,8	29,5	34,0	2,0	83,0	23,9	67,2	54,2	43,5	78,9	64,2	47,8
Өңірлерді дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы	55,9	58,5	57,4	59,1	30,2	3,0	80,9	28,4	67,2	37,3	47,8	100	56,6	56,7
«Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы	38,2	58,5	51,8	51,2	30,2	4,0	72,3	31,3	62,7	30,5	46,4	89,5	69,8	40,0
«Бизнестің жол картасы – 2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы	48,5	34,1	45,8	34,1	15,1	4,0	44,7	25,4	47,8	45,8	40,6	73,7	62,3	48,9
«Дипломмен ауылға!» бағдарламасы	48,5	17,1	34,9	4,5	18,9	4,0	40,4	20,9	28,4	37,3	32,6	50,0	67,9	41,1
Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы	52,9	19,5	43,4	43,2	18,9	2,0	31,9	22,4	44,8	40,7	39,0	78,9	60,4	45,6
Тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020 – 2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы (сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй, ЖТҚ үшін жер учаскесін беру)	51,5	17,1	38,6	22,7	15,1	4,0	74,5	26,9	58,2	45,8	40,6	65,8	52,8	52,2
Атаулы әлеуметтік көмек	39,7	17,1	22,1	18,2	3,8	3,0	23,4	22,4	35,8	37,3	37,9	15,8	37,7	36,7
Бала туғанда берілетін біржолғы мемлекеттік жәрдемақы	29,4	4,9	16,1	4,5	5,7	3,0	2,1	16,4	22,4	30,5	23,2	5,3	34,0	28,9
Жүктілікке және босануға байланысты жәрдемақы	29,4	4,9	16,5	9,1	5,7	1,0	0,0	16,4	22,4	30,5	29,5	5,3	35,8	30,0
Баланың бір жасқа толғанға дейінгі күтімі бойынша әлеуметтік жәрдемақы	23,5	2,4	14,9	2,3	3,8	3,0	2,1	13,4	20,9	37,3	27,7	5,3	32,1	24,4
Көп балалы аналарға төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы	30,9	2,5	15,3	4,5	5,7	6,0	0,0	17,9	25,4	45,8	32,1	13,2	41,5	30,0
Жүктілікке және босануға байланысты демалыс	25,0	2,5	19,7	2,3	5,7	1,0	0	16,4	23,9	44,1	35,7	23,7	39,6	30,0

3.2 Мемлекеттік органдар жұмысына қанағаттану

Осы бөлімде ауыл тұрғындарының өз елді мекендеріндегі мемлекеттік органдардың жұмысын қалай бағалайтыны туралы мәселені қарастырамыз. Респонденттер әкімдіктің, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ (ХҚКО), мемлекеттік мұрағаттың, аудандық соттың, прокуратураның, ішкі істер органдарының және Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың (ЗТМО) қызметін бес балдық шкала бойынша бағалады. Алынған жауаптарға сәйкес

жоғарыда аталған барлық мемлекеттік құрылымдардан респонденттер Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ жұмысын жоғары бағалады, бұл жағдайларда орташа баға тиісінше 3,62 балды және 3,59 балды құрады. Рейтингте орта позицияны ішкі істер органдары (3,55 балл), ауданның мемлекеттік мұрағаты (3,51 балл), аудандық сот (3,51 балл) және прокуратура (3,51 балл) алды. Сұралғандар әкімдіктердің жұмысын ең төмен – 3,45 балл деп бағалады (39-кесте).

39-кесте. «Аудан орталығындағы келесі мемлекеттік құрылымдардың жұмысын бағалаңыз» сұрағына жауаптардың бөлінуі, % және орташа мән

	Өте төмен	2	3	4	Өте жоғары	Ж.б.қ.	Орташа мән
Әкімдік (Ауыл шаруашылығы бөлімі, Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, Кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі, Білім бөлімі және т.б.)	3,5	12,1	30,7	31,2	14,9	7,7	3,45
«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КеАҚ (ХҚКО)	2,0	9,9	29,1	32,6	17,5	8,8	3,59
Ауданның мемлекеттік мұрағаты	2,5	7,9	26,6	31,9	10,8	20,3	3,51
Аудандық сот	2,8	8,4	26,4	31,9	11,8	18,7	3,51
Прокуратура	2,9	8,2	27,0	30,8	12,2	18,9	3,51
Ішкі істер органдары (учаскелік полиция инспекторы, ювеналдық полиция учаскелік инспекторы және т.б.)	3,4	7,4	28,6	33,8	14,1	12,7	3,55
Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық	2,6	7,5	23,9	34,2	15,3	16,5	3,62

Өңірлер бөлінісінде мынадай ерекшеліктер анықталды: Қызылорда (4,21 балл), Ақтөбе (4,12 балл) және Қарағанды (3,98 балл) облыстарындағы әкімдіктердің жұмысы жоғары бағаланды. Керісінше, әкімдік жұмысының ең төменгі бағасы Ақмола (2,94 балл) және Маңғыстау (2,95 балл) өңірлерінде тіркелген.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ қызметі Атырау (4,29 балл), Қызылорда (4,30 балл) және Павлодар (4,25 балл) облыстарындағы респонденттермен жоғары бағаланды.

Мемлекеттік мұрағаттың жұмысы Атырау (4,62 балл) және Қызылорда (4,57 балл) облыстарында оң бағаланды. Кері жағдай – Солтүстік Қазақстан облысында (2,94 балл).

Аудандық соттар жұмысының жоғары бағасын Атырау (4,38 балл) және Қызылорда (4,11 балл) облыстарының тұрғындары берді.

Өңірлер бойынша бөліністе прокуратура жұмысын бағалаудың ең жоғары көрсеткіші Атырау облысында байқалады (4,40 балл).

Респонденттердің пікірінше, Ақтөбе (4,23 балл), Атырау (4,10 балл) және Маңғыстау (4,09 балл) облыстарында ішкі істер органдарының жұмысы ең жақсы нәтижелерімен ерекшеленеді.

Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік

орталықтың қызметі Атырау (4,44 балл), Қызылорда (4,40 балл), Павлодар (4,33 балл) және Ақтөбе (4,18 балл) облыстарының тұрғындарымен жоғары бағаланды (40-кесте).

40-кесте. «Аудан орталығындағы келесі мемлекеттік құрылымдардың жұмысын бағалаңыз» сұрағына жауаптардың бөлінуі (өңірлер бөлінісіндегі орташа мән), %

	Әкімдік	ХҚКО	Мем. мұрағат	Аудандық сот	Прокуратура	ИО	ЗТМО
Ақмола облысы	2,94	3,11	3,20	3,17	3,21	3,15	3,21
Ақтөбе облысы	4,12	4,08	4,11	4,00	3,95	4,23	4,18
Алматы облысы	3,31	3,36	3,28	3,20	3,17	3,20	3,29
Атырау облысы	3,70	4,29	4,62	4,38	4,40	4,10	4,44
Батыс Қазақстан облысы	3,66	3,57	3,52	3,53	3,56	3,60	3,63
Жамбыл облысы	3,47	3,73	3,90	4,00	4,02	3,76	3,94
Қарағанды облысы	3,98	3,79	3,40	3,36	3,36	3,83	4,00
Қостанай облысы	3,45	3,74	3,50	3,55	3,52	3,55	3,83
Қызылорда облысы	4,21	4,30	4,57	4,11	4,09	3,98	4,40
Маңғыстау облысы	2,95	3,83	3,63	3,91	4,06	4,09	3,37
Түркістан облысы	3,27	3,19	3,26	3,31	3,33	3,30	3,53
Павлодар облысы	3,16	4,25	4,00	3,75	3,63	3,93	4,33
Солтүстік Қазақстан облысы	3,25	3,21	2,94	3,08	3,06	3,23	2,90
Шығыс Қазақстан облысы	3,71	3,71	3,56	3,64	3,62	3,75	3,76

Мемлекеттік органдардың жұмысын бағалаудан басқа, респонденттер «Сіз өзіңіз тұратын елді мекенде мемлекеттік органдар қызметкерлері тарапынан өз қызметтік міндеттеріне адал қарамаудың қандай түрімен кездестіңіз?» сұрағына жауап берді. Сұралғандардың едәуір бөлігі мемлекеттік құрылымдар қызметкерлері тарапынан (73,7%) өз міндеттеріне адал қарамау фактілеріне тап болған жоқ. Респонденттер мемлекеттік қызметкерлер арасында жұмысқа адал болмаудың жиі кездесетін практикасы ретінде отбасылық және туыстық байланыстарды (11,3%) атап өтеді. Парақорлық, қызмет бабын асыра пайдалана отырып қызмет көрсету, мемлекеттік қаражатты мақсатсыз пайдалану, ақтал-

маған жеңілдіктер мен артықшылықтар беру сияқты құбылыстарды респонденттер сирек кездестіреді, әрбір құбылыс бойынша жағдайлардың мәні 6% аспайды (41-кесте).

Өңірлер бөлінісінде парақорлық жағдайлары туралы Ақмола (11,8%), Алматы (11,6%), Қарағанды (12,8%) және Солтүстік Қазақстан (15,1%) облыстарының тұрғындары арасында жиі айтылды. Жамбыл (13,0%) және Солтүстік Қазақстан (13,2%) облыстарының тұрғындары мемлекеттік қаражатты мақсатсыз пайдалану жағдайларына жиі тап болған. Маңғыстау облысының тұрғындары көбінесе мемлекеттік органдардың жұмысында отбасылық және туыстық қатынастарға тап болғаны анықталды (40,7%).

41-кесте. «Сіз өзіңіз тұратын елді мекенде мемлекеттік органдар қызметкерлері тарапынан өз қызметтік міндеттеріне адал қарамаудың қандай түрімен кездестіңіз?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %

	%
Пара алу	6,0
Қызмет бабын асыра пайдалана отырып қызмет көрсету	5,0
Мемлекеттік қаражатты мақсатсыз пайдалану	4,8
Негізсіз жеңілдіктер мен артықшылықтар беру	3,0
Отбасылық, туыстық байланыстар	11,3
Ондай фактілер орын алмады	73,7
Қызметкерлердің кәсібилігінің болмауы	0,2
Жауап беруге қиналамын	3,7

*Жауап жиынтығы 100% көп, себебі респондентке жауаптың бірнеше нұсқасын таңдауға мүмкіндік берілді

3.3 Инфрақұрылым мен қоршаған орта сапасын бағалау

Қорытындылай келе, ауыл тұрғындары өз елді мекендеріндегі инфрақұрылымның сапасын қалай бағалайтынын қарастырамыз. Жалпы, респонденттер мына инфрақұрылым объектілерінің сапасын бағалады: әлеуметтік-мәдени объектілер; тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілері, денсаулық сақтау объектілері, білім беру мекемелері, бөлшек сауда кәсіпорындары, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары, спорт және

сауықтыру мекемелері, жолаушылар көлігі, қаржы институттары, мобильді байланыс, интернет, автомобиль жолдары. Аталған барлық объектілердің ішінен білім беру мекемелерінің (мүмкін болатын 5 балдан 3,72 балл) және бөлшек сауда кәсіпорындарының (3,64 балл) жұмыс сапасы орта есеппен ел бойынша жоғары бағаланады. Бәрінен төмен ауыл тұрғындары автомобиль жолдарының сапасын бағалайды (3,00 балл). Қалған инфрақұрылым объектілері 3,20-дан 3,50 балға дейінгі баға алды (42-кесте).

42-кесте. «Сіз тұратын ауылдағы/кенттегі инфрақұрылымдық объектілердің жұмыс сапасын бағалауыңызды өтінеміз» сұрағына жауаптардың бөлінуі, % және орташа мән

Инфрақұрылымдық объектілер	Өте төмен	2	3	4	Өте жоғары	Бұл объект жоқ	Ж.б.қ.	Орташа мән
Әлеуметтік-мәдени объектілер: мәдениет үйлері және басқа да ойын-сауық орындары	8,5	6,8	20,7	22,5	14,4	23,0	4,1	3,38
Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілері: ТКШ-мен байланысты барлық объектілер (су құбыры, кәріз, электрмен жабдықтаудың сапасы мен тарифтік есептеу саясаты және т.б.)	6,9	9,7	24,1	24,4	14,1	17,3	3,5	3,37
Денсаулық сақтау объектілері: ауруханалар, емханалар, жедел жәрдем станциялары және т.б.	5,8	9,8	28,3	31,5	15,8	6,2	2,7	3,46

Білім беру мекемелері: бөбекжай, балабақша, мектеп	3,0	6,7	24,3	34,0	21,7	2,9	7,4	3,72
Бөлшек сауда кәсіпорындары: дүкендер, дүңгіршектер, супермаркеттер	3,0	9,2	28,5	30,0	22,3	5,1	1,9	3,64
Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары: дәмханалар, мейрамханалар	7,6	7,0	21,3	18,4	10,3	32,0	3,3	3,26
Спорттық және сауықтыру мекемелері: стадиондар, клубтар, алаңдар	5,8	9,8	25,3	21,8	10,0	22,7	4,8	3,28
Жолаушылар көлігі	8,0	9,8	26,3	21,4	13,1	18,9	2,5	3,28
Қаржы мекемелері: банктер, жинақ кассалары	6,4	7,2	20,5	17,8	7,4	38,0	2,8	3,21
Мобильді байланыс, интернет	8,8	11,7	32,2	28,5	14,5	1,4	2,9	3,30
Автомобиль жолдары	13,0	17,5	29,9	23,4	10,2	3,8	2,2	3,00

Өңірлік бөліністе әлеуметтік-мәдени мақсаттағы объектілердің жұмыс сапасы Ақтөбе (4,58 балл) және Атырау (4,64 балл) облыстарында жоғары бағаланды. Қостанай (2,06 балл) және Ақмола (2,77 балл) өңірлерінің тұрғындары мәдениет үйлері мен басқа да ойын-сауық орындарының жұмыс сапасына төмен баға берді.

ТКШ жұмысына негізінен Ақтөбе (4,43 балл) және Атырау (4,64 балл) облыстарының тұрғындары оң баға берді. Респонденттер ТКШ қызметіне ең төмен бағаларды Ақмола (2,64 балл), Алматы (2,82 балл) және Қостанай (2,57 балл) облыстарында берді.

Сұралғандар денсаулық сақтау объектілерінің жұмыс сапасына ең жоғары баға Атырау облысында (4,59 балл), ең төмен баға Алматы (2,91 балл) және Солтүстік Қазақстан (2,94 балл) облыстарында берді.

Білім беру мекемелері мен бөлшек сауда кәсіпорындары барлық аймақтарда қанағаттанарлық жұмыс сапасымен ерекшеленді, ешбір аймақта бағалау 3,00 балдан төмен түскен жоқ.

Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының жұмыс сапасын Атырау (4,73 балл) және Батыс Қазақстан (4,40 балл) облыстарында жоғары бағалады. Кафелер мен мейрамханалардың жұмыс сапасының төмен деңгейі Ақмола (2,53 балл), Қарағанды (2,91 балл), Солтүстік

Қазақстан (2,60 балл) және Шығыс Қазақстан (2,04 балл) облыстарында тіркелді.

Спорт және сауықтыру мекемелері Ақтөбе (4,25 балл), Атырау (4,28 балл) және Павлодар (4,17 балл) облыстарында оң бағалармен марапатталды. Төмен бағалар Ақмола (2,76 балл), Алматы (2,75 балл), Қарағанды (2,90 балл) және Қостанай (2,72 балл) облыстары тұрғындарының жауаптарында басым.

Жолаушылар көлігінің жұмыс сапасы Ақтөбе (4,54 балл) және Атырау (5,00 балл) облыстарында жоғары бағаланды. Павлодар облысында жолаушылар көлігі жұмысының сапасы ең төмен – бес балдық шкала бойынша 1,97 балл болды.

Атырау облысындағы респонденттер қаржы мекемелерінің қызметін барынша оң бағалады (4,75 балл). Теріс бағалар Ақмола (2,36 балл), Солтүстік Қазақстан (2,66 балл) және Шығыс Қазақстан (2,41 балл) облыстары тұрғындарының жауаптарында басым.

Ақтөбе (4,66 балл) және Атырау (4,40 балл) облыстарында мобильді байланыс пен интернеттің жоғары сапасы туралы айтылды. Мобильді байланыс пен интернеттің төмен сапасы туралы Түркістан (2,85 балл), Солтүстік Қазақстан (2,81 балл) және Шығыс Қазақстан (2,62 балл) облыстарының тұрғындары айтты.

Барлық дерлік өңірлерде автомобиль жолдарының сапасына шағымданады. Тек Ақтөбе (4,34 балл) және Атырау

(4,95 балл) облыстарының тұрғындары ел бойынша ең жоғары баға берді (43-кесте).

43-кесте. «Сіз тұратын ауылдағы/кенттегі инфрақұрылымдық объектілердің жұмыс сапасын бағалауыңызды етінеміз» сұрағына жауаптардың бөлінуі (өңірлер бөлінісіндегі орташа мән), %

	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Ақмола облысы	2,77	2,64	3,15	3,43	3,24	2,53	2,76	2,91	2,36	3,31	2,85
Ақтөбе облысы	4,58	4,43	3,76	4,50	4,46	4,08	4,25	4,54	4,07	4,66	4,34
Алматы облысы	3,02	2,82	2,91	3,23	3,29	3,10	2,75	2,96	2,96	3,03	2,83
Атырау облысы	4,64	4,64	4,59	4,82	4,86	4,73	4,28	5,00	4,75	4,40	4,95
Батыс Қазақстан облысы	3,43	3,94	4,05	4,13	4,29	4,40	3,32	3,26	2,50	3,67	2,56
Жамбыл облысы	3,92	3,91	4,13	4,20	3,92	4,08	3,90	4,01	4,18	3,88	3,78
Қарағанды облысы	3,30	3,51	3,51	3,74	3,87	2,91	2,90	3,43	3,44	3,83	2,30
Қостанай облысы	2,06	2,57	3,65	3,73	4,05	3,03	2,72	2,80	3,06	3,37	2,88
Қызылорда облысы	3,78	3,91	3,61	4,33	3,86	3,91	3,90	3,61	4,15	3,58	2,73
Маңғыстау облысы	4,11	3,91	3,88	3,47	3,61	3,53	3,55	3,57	3,49	3,68	3,10
Түркістан облысы	3,11	3,17	3,36	3,54	3,38	3,22	3,25	3,21	3,08	2,85	3,00
Павлодар облысы	3,22	3,62	3,31	4,08	4,16	-	4,17	1,97	-	3,03	2,82
Солтүстік Қазақстан облысы	3,06	3,00	2,94	3,39	3,08	2,60	3,04	2,53	2,66	2,81	2,40
Шығыс Қазақстан облысы	3,58	3,45	3,87	3,99	3,59	2,04	3,25	3,08	2,41	2,62	2,87


Ескерту: 1 – Әлеуметтік-мәдени объектілер; 2 – Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілері; 3 – Денсаулық сақтау объектілері; 4 – Білім беру мекемелері; 5 – Бөлшек сауда кәсіпорындары; 6 – Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары; 7 – Спорттық және сауықтыру мекемелері; 8 – Жолаушылар көлігі; 9 – Қаржы мекемелері; 10 – Мобильді байланыс, интернет; 11 – Автомобиль жолдары

Ауылдарда тұратын қазақстандықтардың көпшілігі (87,3%) ауыз суға қол жеткізе алады. Ауыл тұрғындарының 12,7% ауыз суға қолжетімділігі жоқ (29-диаграмма).

Ақмола, Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарында

ауыз суға қатысты мәселенің өзектілігі неғұрлым өткір екені байқалады, мұнда ауыз суға қол жетімділіктің жоқтығы туралы сәйкесінше 29,4%, 41,8%, 32,1%, 31,1% респондент айтты.

29-диаграмма. «Сіз тұратын елді мекенде ауыз суға қолжетімділік бар ма?» сұрағына жауаптардың бөлінуі, %



Бұл ретте, егер ауыз су сапасының көрсеткіштерін және атмосфералық ауаның тазалық дәрежесін өзара салыстыратын

болсақ, респонденттер атмосфералық ауаның сапасын жоғары бағалайды – 3,62 балға қарсы 3,99 балл (44-кесте).

44-кесте. «Сіз тұратын ауылдағы/кенттегі ауыз судың сапасы мен атмосфералық ауаның тазалық дәрежесін бағалауыңызды өтінеміз» сұрағына жауаптардың бөлінуі, % және орташа мән

	Өте төмен	2	3	4	Өте жоғары	Ж.б.қ.	Орташа мән
Ауыз су сапасы	10,7	9,2	18,1	30,5	30,8	0,8	3,62
Атмосфералық ауаның тазалық дәрежесі	3,1	6,8	16,7	33,6	38,3	1,5	3,99

Өңірлер бөлінісінде ауыз судың төмен сапасы туралы Ақмола (2,87 балл) және Қостанай (2,85 балл) облыстарының тұрғындары айтты. Ауыз судың ең жақсы сапасы Ақтөбе (4,73 балл), Атырау (4,43 балл) және Жамбыл (4,13 балл) өңірлерінде байқалды.

Маңғыстау облысындағы ауылдық елді мекендердің тұрғындары

атмосфералық ауаның сапасына көп шағымданған, ауа сапасын бағалаудың орташа мәні бес балдық шкала бойынша 2,63 баллды құрады. Ауа сапасы Павлодар (4,89 балл), Ақтөбе (4,56 балл) және Жамбыл (4,47 балл) облыстарында жоғары бағаланды (45-кесте).

45-кесте. «Сіз тұратын ауылдағы/кенттегі ауыз судың сапасы мен атмосфералық ауаның тазалық дәрежесін бағалауыңызды өтінеміз» сұрағына жауаптардың бөлінуі (өңірлер бөлінісіндегі орташа мән), %

	Ауыз су сапасы	Атмосфералық ауаның тазалық дәрежесі
Ақмола облысы	2,87	3,90
Ақтөбе облысы	4,73	4,56
Алматы облысы	3,49	4,16
Атырау облысы	4,43	3,23
Батыс Қазақстан облысы	3,58	3,58
Жамбыл облысы	4,13	4,47
Қарағанды облысы	3,91	3,83
Қостанай облысы	2,85	3,78
Қызылорда облысы	3,80	3,60
Маңғыстау облысы	3,90	2,63
Түркістан облысы	3,45	3,94
Павлодар облысы	3,68	4,89
Солтүстік Қазақстан облысы	3,32	4,21
Шығыс Қазақстан облысы	3,71	4,35

III ТАРАУ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ

Ауыл отбасыларының мемлекеттік қолдау туралы ақпараттану деңгейі

1. Ауылдық отбасыларды қолдау жөніндегі барлық мемлекеттік бағдарламалар мен шаралардың ішінде респонденттер жиі хабардар болып, жеке қатысты (әр түрлі бағдарламалар үшін 18-ден 31%-ға дейін): бала туғыланда берілетін біржолғы жәрдемақы; жүктілік және босану бойынша төлем; 1 жасқа дейінгі бала күтімі бойынша жәрдемақы; көп балалы аналарға берілетін жәрдемақы; жүктілік және босану бойынша демалыс.

2. Сұралғандардың 63,3% Қазақстандағы отбасыларды әлеуметтік қолдау деңгейіне көңілі толады, мемлекеттің отбасын қалай қолдайтынына қанағаттанбайтындардың үлесі 17,9% құрайды.

3. Сауалнамаға қатысқандардың жартысына жуығы Агроөнеркәсіптік кешен

бағдарламасы, Азық-түлікпен қамтуды дамыту бағдарламасы, Өңірлерді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған бағдарламасы, «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы сияқты бағдарламалар туралы ештеңе білмейді және естімеген.

4. Ауылдық жерлерде тұратын қазақстандықтар үшін мемлекеттік бағдарламалар туралы ақпараттың басты көзі телевизия (65,6%) болып табылады. Екінші және үшінші орынды интернет-сайттар (42,8%) және әлеуметтік желілер (39,3%) алады.

5. Өңірлер бөлінісінде мемлекеттік бағдарламалар туралы ақпараттанудың ең төмен деңгейін Қарағанды, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарының тұрғындары көрсетеді.

Мемлекеттік органдар жұмысына қанағаттану

1. Ұсынылған мемлекеттік құрылымдардың ішінен респонденттер бәрінен жоғары Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ жұмысын бағалады, орташа мән тиісінше 3,62 балды және 3,59 балды құрады. Сұралғандар әкімдіктердің жұмысын ең төмен – 3,45 балл деп бағалады.

2. Бұл ретте әкімдіктердің жұмысына Қызылорда (4,21 балл), Ақтөбе (4,12 балл) және Қарағанды (3,98 балл) облыстарының тұрғындары жоғары баға,

ал ең төменгісін – Ақмола (2,94 балл) және Маңғыстау (2,95 балл) облыстарының ауыл тұрғындары берді.

3. Респонденттердің 73,7% мемлекеттік органдар қызметкерлері тарапынан өз міндеттеріне адал қарамауына тап болмағанын атап өтті. Қарама-қарсы көзқарас 30,4% құрайды. Олардың ішінде респонденттердің 11,3% «отбасылық, туыстық байланыстар», 6,0% парақорлық, 5,0% қызмет бабын асыра пайдалана отырып қызмет көрсету, 4,8% мемлекеттік қаражатты мақсатсыз пайдалануды атап өтті.

Инфрақұрылым мен қоршаған орта сапасын бағалау

1. Қазақстан бойынша орта есеппен білім беру мекемелерінің (3,72 балл) және бөлшек сауда кәсіпорындарының (3,64 балл) жұмыс сапасы жоғары бағаланады. Бәрінен төмен ауыл тұрғындары автомобиль жолдарының сапасын бағалайды (3,00 балл). Ақтөбе (автомобиль жолдарының сапасы 5 шкала бойынша 4,34 балға бағаланды) және Атырау (4,95 балл) облыстарын қоспағанда, ауыл тұрғындары іс жүзінде барлық өңірлерде автомобиль жолдарының сапасына шағымданған.

2. Негізінен Қостанай, Түркістан облысы, СҚО және Ақмола облыстарында тұратын респонденттердің 12,7% ауыз суға қолжетімділігі жоқ. Алматы және Түркістан облыстарының респонденттері өз елді мекендерінде ауыз судың төмен және өте төмен сапасы (19,8%) туралы мәлімдеді. Қызылорда, Маңғыстау және Түркістан облыстарының респонденттері өздері тұратын жердегі өте ластанған атмосфералық ауа (9,9%) туралы айтты.

ҚОРЫТЫНДЫ

Отбасы, халықтың табиғи көбеюінің бірден-бір көзі бола отырып, бүгінде қоғамдағы ролін асыра бағалауға болмайтын негізгі институттардың бірі болып табылады. Экономикалық және интеллектуалдық маңызды әлеуетке ие бола отырып отбасы репродуктивті, экономикалық, тәрбиелік, бос уақытты өткізу, рекреациялық функцияларды ғана емес, сонымен бірге адами капиталды, құндылықтарды, өмір салтын жинақтау, сақтау және беру көзі бола отырып, халықтың этникалық сәйкестенуін сақтаудың қуатты факторы болып табылады.

Қазақстандағы ауыл отбасыларының қызмет ету ерекшеліктерін әлеуметтанулық талдау ауыл отбасының портретін қалыптастыруға мүмкіндік береді. **Әлеуметтік-демографиялық реңкінен бастайық.**

- Отбасының ең көп таралған түрі – толық отбасы – ерлі-зайыптылардың екеуі де бар (86,3%). Респонденттердің 78,1% тіркелген некеде тұрады, ал некені тіркеместен жұбайымен бірге тұратындардың үлесі 8,2% құрайды.

- Респонденттердің 13,7% толық емес отбасында тұрады: 7,3% тұл ерлерлер/жесірлер, 5,7% ажырасқандар, респонденттердің 0,8% балаларды некенен тыс жалғыз тәрбиелеп отыр. Толық емес отбасылар арасында әйелдер саны ерлерге қарағанда екі есе көп, ал жесірлер саны тұл ерлер санынан бес есе көп.

- Өз отбасында кәмелеттік жасқа

толмаған балалары бар респонденттердің үлесі 67%. Респонденттердің тағы 14,6% немерелерімен бірге тұратынын атап өтті. Отбасылардың көпшілігі көп балалы емес. Көбіне отбасында бір немесе екі бала бар (сәйкесінше 22,8% және 22,3%). Сұралғандардың 12% отбасында үш бала, тек әрбір оныншы ауыл отбасында төрт немесе одан да көп бала бар. Осылайша, ауыл отбасыларындағы балаларға қатысты ұстанымдардың балалар санының азаюы жағына өзгергенін айта аламыз.

- Қазақстандық әрбір екінші ауыл отбасы тек қазақ тілінде (56%), әрбір төртінші – орыс тілінде (25,4%), екі тілде (орыс, қазақ) 13,8% сөйлейді.

- Ауыл тұрғындарының білім деңгейі көбінесе орта (32,5%) немесе арнайы орта (37,4%) біліммен анықталады. Сұралғандардың 25,2% жоғары білімі бар.

- Ауыл тұрғындары негізінен жеке секторда (22,6%), бюджеттік мекемелерде (16,7%) немесе мемлекеттік қызметте (13,5%) еңбек етеді.

- Қазіргі кезде ауылдық жерлерде ең көп таралған отбасы типі – нуклеарлы отбасы, оларда негізгі отбасылық құндылықтар – үлкенге де, кішіге де құрмет көрсету (63,9%), салт-дәстүрлерді құрметтеу және сақтау (41%), махаббат, бір-біріне мейірімділік (37,4%). Сонымен қатар, дін ауыл тұрғындары үшін өмірдің маңызды аспектісі болып саналады.

Экономикалық сипаты

- Көп ауыл отбасы үшін негізгі табыс көзі еңбекақы болып табылады – барлық сұралғандардың жартысынан көбі (63,5%) дәл осы табыс көзі есебінен күн көреді. Респонденттердің тағы 11,3% негізгі табыс көзі ретінде еңбек-ақы мен қосымша табысты көрсетті. Шамамен әрбір төртінші респондент зейнетқақыға өмір сүреді. Жеке қосалқы шаруашылықтан түскен табысқа респонденттердің 13,8% күн көреді. 5,9% негізгі күнкөріс көзі – жеке кәсіпкерлік қызметтен түсетін кіріс.

- Негізгі табыс көзін жоғалтқан жағдайда, ауыл отбасыларының жартысынан көбінің жинақтары жоқ және бір ай ғана табыссыз өмір сүре алады. Дәл осындай жағдайда әрбір бесінші респондент өз жинақтарын пайдалана отырып үш айға дейін өмір сүре алады. Респонденттердің тек 5,9% ғана 6 ай ішінде негізгі кіріс көзінсіз жинақтарын пайдалана алады.

- Ауыл отбасынан шыққан респонденттердің 77,6% қосымша жинақтар жасау мүмкіндігіне ие емес, бұл ретте олардың 1,6% тұрақты түрде қарызға өмір сүреді; 11,8% респонденттердің табысы азық-түлік сатып алуға ғана жетеді, бірақ коммуналдық қызметтерді төлеуге қалмайды; респонденттердің ең кең тараған тобы (64,2%) тек қажетті азық-түлік пен киім сатып ала алады және коммуналдық қызметтерді төлей алады.

- Респонденттердің тек 6,3% кезкелген нәрсені қиындықсыз сатып

алуға қол жеткізе алады. Тағы 14,3% ұзақ мерзімді қолданатын тауарлардың көпшілігін сатып ала алады.

- Ауыл отбасылары үшін табыстың негізгі көздері еңбекақы (63,5%), жеке қосалқы шаруашылықтан түскен табыс (13,8%) және зейнетақы, шәкіртақы (23,4%), әлеуметтік жәрдемақы (7,4%) түріндегі мемлекеттік төлемдер болып табылады.

- Респонденттердің 90,7% отбасылық бюджеті ең алдымен азық-түлік сатып алуға жұмсалады. Респонденттердің 46,8% ең алдымен коммуналдық төлемдерді, ал 42,5% несие төлейді. Әрбір бесінші респондент жылыту үшін отын, оннан бір бөлігі малға жем, топыраққа тыңайтқыш сатып алады. Респонденттердің тек 8,8% ғана балаларының оқуы үшін төлейді.

- Респонденттердің 78,1% жеке баспанасы бар, ал 17,9% сұралған өз отбасымен ата-аналарымен немесе туыстарымен бірге тұрады. Жалға алынған тұрғын үйде тұратын респонденттердің үлесі 8% құрады.

- Респонденттердің 38,1% тамақтанумен байланысты ешқандай қиындық жоқ. Әрбір екінші респондент өз отбасының тамақтануын жақсы деп бағалайды. Сұралғандардың 8,1% нашар тамақтанады немесе көбінесе тамақ жетіспейді, 0,3% кейде аш болады.

- Сұратылған отбасылардың көпшілігінің денсаулық жағдайы «жақсы» және «қанағаттанарлық» ретінде сипатталады (қосындысы – 88,2%).

Әлеуметтік сипаты

- Респонденттердің басым көпшілігі отбасылық өміріне қанағаттанады (93,2%), ал отбасылық өмір респонденттердің 66,3% толығымен қанағаттандырады.

- Респонденттердің 40,9% отбасыларында ешқандай конфликт болмайтынын мәлімдеді. Қалған бөлігі үшін

отбасылық конфликтінің ең жиі себептері – материалдық (32,2%) және тұрмыстық себептер (31,2%).

- Респонденттердің көбі (74,2%) балаларды тәрбиелеу кезінде күш қолдануды орынсыз деп ұйғарса, әрбір бесінші респондент шапалақ беру орынды деп санайды. Балаларды физикалық

жазалауды мақұлдайтындардың үлесі 3,2% құрайды, бірақ іс жүзінде бұл көрсеткіш одан да көп болуы мүмкін.

- Жұмыссыздықтың жоғары деңгейі, еңбек қызметінің тар сипаттамасы, перспективаның жоқтығы ауыл отбасыларының қалаларға ұмтылуына алып келеді. Респонденттердің 27,4% балаларды оқыту (37,2%), жұмыспен қамту (34,2%) және жаңа мүмкіндіктерді іздеу (29,5%) мәселелерін шешу үшін қалаға көшуге ниетті. Адамдардың қалаға әлі

көшіп кетпеуінің басты себебі – қалада баспананың жоқтығы және оны сатып алудың қол жетімсіздігі (71,2%).

- Қазақстандағы ауыл балаларының тек 26,5% ғана қосымша сабақтар мен үйірмелерге барады. Балалардың қосымша білім беру ұйымдарына бармауының негізгі себептері – ауылдарда қосымша білім беру инфрақұрылымының жоқтығы (44,4%) және қосымша сабақтар ақысын төлеуге қаражаттың болмауы (16,1%).

Мемлекеттік қолдау туралы хабардар болу

- Респонденттердің 63,3% Қазақстандағы отбасыларға көрсетілетін әлеуметтік қолдау деңгейіне көңілдері толады.

- Ауыл отбасылары отбасыларды қолдау жөніндегі мемлекеттік шаралар туралы (босануға, бала күтіміне, көп балалы аналарға жәрдемақы, жүктілік және босануға төлемдер, бала күтімі бойынша демалыстар) жақсы хабардар, бірақ олар республикалық ауқымдағы мемлекеттік бағдарлама-

лар туралы нашар біледі («Нұрлы Жер», «Еңбек», ПРР, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту бағдарламасы және т.б.), сонымен қатар тұрғындардың мемлекеттік бағдарламаларға қатысу деңгейі төмен.

- Өңірлер бөлінісінде Қарағанды, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарының тұрғындары мемлекеттік бағдарламалар туралы ақпараттанудың төмен деңгейін көрсетті.

Ауыл отбасының проблемалары мен қажеттіліктері

- Ауыл отбасын негізгі 3 проблема мазалайды: материалдық (еңбекақының төмендігі, ақшаның жетіспеушілігі) – 50,1%, тұрғын үй-тұрмыс жағдайы (31,7%) және жұмыспен қамту проблемалары (14,6%).

- Ауылдардың қолданыстағы және біртіндеп қысқарып жатқан әлеуметтік инфрақұрылымы ауыл тұрғындарының өмір сапасына ықпал етеді. Ауыл тұрғындары жолдардың сапасына, ғимараттардың, жиһаздардың, мектептердегі спорттық құрылыстардың жағдайына ең төменгі бағаларын берді. Мектепке дейінгі мекемелердің жұмысына келетін болсақ, ауыл тұрғындары мектепке дейінгі білім беру жүйесінің негізгі проблемасын мектепке дейін-

гі мекемелерге баланы орналастыру қиындықтарынан көреді.

- Негізінен Қостанай, Түркістан, ШҚО, СҚО және Ақмола облыстарында тұратын 12,7% респондентің ауыз суға қолжетімділігі жоқ. Алматы және Түркістан облыстарының респонденттері өз елді мекендерінде ауыз судың өте төмен сапасы (19,8%) туралы мәлімдеді.

- Ауылдық жерлерде бос уақытты өткізу мүмкіндіктерін қарастыра отырып, сауалнама мәліметтеріне сәйкес респонденттердің 23,% өздерінің елді мекендерінде әлеуметтік-мәдени мақсаттағы объектілер жоқ екенін (Ақмола, Алматы, Атырау, Түркістан, Қостанай, Қарағанды және БҚО облыстарының

бірқатар аудандары) және 22,7% респондент осы облыстармен қатар Павлодар облысын қоса алғанда, өз ауылында спорттық және сауықтыру мекемелерінің жоқ екенін хабарлады.

- Респонденттердің 27% қандай да бір көмекке мұқтаж емес. Қандай да бір көмекті қажет ететін респонденттердің

үлесі – 63,0%. Мәселен, 37,9% үшін мемлекеттен материалдық, 16,7% үшін жұмысқа орналасу бойынша көмекке мұқтаж, респонденттердің 13,7% тұрғын үй жағдайын жақсарту бойынша көмекке үміттенеді, ал 12,4% мемлекеттен әлеуметтік қолдау алуға мүдделі.

ҰСЫНЫСТАР

Қорытындылай келе, Қазақстандағы ауыл отбасылары дәстүрлі өмір салтының өзгерту, ауылшаруашылық өндіріс қарқынының құлдырауы, жұмыссыздық және әлеуметтік инфрақұрылым нысандарының қысқаруы жағдайында қиын жағдайға тап болғанын атап өтуге болады. Тұрақты әлеуметтік-экономикалық дағдарыс жағдайындағы қазақстандық орташа статистикалық ауыл отбасы, қанағаттанарлықсыз әлеуметтік-экономикалық жағдаймен сипатталады, бұл отбасы мүшелерінің денсаулығына, өмір сүру сапасына, балалардың білім траекторияларына және отбасындағы психологиялық климатқа ықпал етеді.

Әлеуметтанулық талдау төмендегі шаралар арқылы ауыл отбасының өмір сүру сапасын жедел жақсартудың қажеттілігін көрсетті:

1. Ауылда жұмыспен қамтуды қолдау шаралары жұмыс орындарын құруды, ауылшаруашылық несиелендіру бағдарламаларына қатысу үшін жағдайларды жеңілдетуді және жеке мекемелерде жалақыны индекстеудің міндетті тәжірибесін енгізуді қамтуы қажет.

2. Зерттеу көрсеткендей, мемлекет қабылдаған шаралар ауыл халқының өмір сүру сапасын жақсарту үшін жеткіліксіз. Мемлекеттік бағдарламалардың басты проблемасы – ауыл халқы арасында ақпараттанудың төмен деңгейі. Бұл ретте халық бала туумен байланысты барлық отбасы-

ларға көрсетілетін отбасын қолдау шаралары – жәрдемақылар, демалыстар, төлемдер туралы жақсы ақпараттанған. Осы қолдау шараларының ерекшелігі – олар проактивті режимде көрсетіледі. Басқаша айтқанда, мемлекеттің өзі азаматтарға мемлекеттік қызметті ұсынады. Бұдан мемлекеттік бағдарламаларға қатысты да мемлекеттік қызмет көрсетудің проактивті әдістерін қолдану ұсынылады.

3. Ауыл отбасының 22% жеке баспанасы жоқ. Ауылдық елді мекендерді тұрғын үйді несиелендіру бағдарламаларына қосу қазақстандық ауыл тұрғындарының баспана мәселесін шешіп қана қоймай, ауыл-қала бағыты бойынша көші-қон үрдістерінің күшеюін және урбандалу қарқынын ескере отырып, азаматтардың осы санаты үшін көші-қонды тежеуші фактор ретінде қызмет етеді.

4. Ауылдағы әлеуметтік инфрақұрылым объектілері де жіті назар аударуды талап етеді. Атап айтқанда, автомобиль жолдары, білім беру мекемелерінің жай-күйі әрбір ауылдық елді мекенде күрделі жөндеуді және қайта жаңартуды талап етеді.

5. Қосымша білім беру инфрақұрылымының болмауына байланысты ауыл отбасыларындағы балалар тек ақыл-ойды дамытып қана қоймай, өмірлік маңызды дағдыларды игеруге, практикалық зияткерлікті дамытуға ықпал ететін үйірмелерге, секцияларға қатыса алмайды. Осыған

байланысты, ауыл мектептерінің оқушыларына балаларға қосымша білім беруді қамтамасыз ететін мекемелердің муниципалды желісін құру арқылы бүкіл ауданның білім беру ұйымдарының қызметтерін пайдалануға мүмкіндік беру ұсынылады. Желі мекемелері арасындағы көлік қатынасы мәселесін педагогикалық және балалар ұжымдары үшін мобильді (көліктік) жылжымалы нысандарды құру арқылы шешуге болады. Бұдан басқа, ауыл балалары үшін қосымша білім беру қызметтерін кеңейту жылжымалы ресурстық орталықтарды құру, қашықтықтан оқыту бағдарламалары

бойынша оқыту арқылы мүмкін болады.

6. Ауыл халқының мәдени бос уақытын өткізу мүмкіндіктерін қалыптастыру және кеңейту мақсатында мәдени мекемелері жоқ елді мекендерге қызметтер кешенін (мәдени-демалыс, кітапхана, ақпараттық, көрме) ұсыну, ашық алаңдарда бұқаралық іс-шаралар өткізу үшін сахна-трансформермен, дыбыс, жарық және бейне жабдығымен жарақтандырылған жылжымалы көпфункционалық мәдени орталықтың (автоклубтың) шығуын көздеу ұсынылады.

ХАЛЫҚТЫ ЖАППАЙ СҰРАУҒА АРНАЛҒАН САУАЛНАМА

Сауалнама № _____

Аудан _____

Облыс _____

Ауыл _____

СІЗДІҢ ОТБАСЫЛЫҚ ӨМІР ТӘЖІРИБЕҢІЗ БАР МА?

1. Жоқ, мен бойдақпын/тұрмыс құрмағанмын, балаларым жоқ ----- СҰРАУДЫ АЯҚТАУ
2. Иә, тіркелген некеде тұрамын
3. Иә, тіркелмеген некеде тұрамын
4. Иә, мен бойдақпын/тұрмыс құрмағанмын, бірақ балаларым бар
5. Иә, ажырасқанмын
6. Иә, жесірмін

1. ОТБАСЫЛЫҚ ӨМІРГЕ ҚАНАҒАТТАНУ**1. СІЗ ҚАНДАЙ ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҰСТАНАСЫЗ?**

(ҮШ ЖАУАПТАН АРТЫҚ ЕМЕС)

1. Үлкенге де, кішіге де құрмет көрсету
 2. Салт-дәстүрлерді құрметтеу және сақтау
 3. Махаббат, бір-біріне мейірімділік
 4. Сенімге негізделген қарым-қатынас
 5. Өзара көмек, жауапкершілік
 6. Адалдық
 7. Шынайылық
 8. Өзара түсіністік
 9. Өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік
 10. Патриархалды өмір салты (ер адам – отбасын басқарушы)
 11. Көп балалы болу
- (98) Басқа (ЖАЗЫҢЫЗ) _____
- (99) Жауап беруге қиналамын (ОҚЫМАҢЫЗ)

2. СІЗ ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚАЙСЫСЫМЕН БІР ШАҢЫРАҚ АСТЫҢДА ТҰРАСЫЗ?

(КЕЗ КЕЛГЕН ЖАУАП САНЫ)

1. Жұбайыммен
2. Келініммен/күйеу баламмен
3. Баламмен/балаларыммен
4. Немерем/немерелеріммен
3. Ата-анаммен (күйеуімнің/әйелімнің)
4. Атаммен/әжеммен (күйеуімнің/әйелімнің)
4. Ағаммен/әпкеммен (күйеуімнің/әйелімнің)
5. Басқа туысқандар (КӨРСЕТІҢІЗ) _____

3. СІЗДІҢ ОТБАСЫЛЫҚ ӨМІРІҢІЗГЕ КӨҢІЛІҢІЗ ТОЛАДЫ МА?

(БІР ЖАУАП)

1. Иә, отбасылық өміріме көңілім толығымен толады
2. Иә, отбасылық өміріме көңілім толады деуге болады

3. Отбасылық өміріме көңілім толмайды деуге болады
 4. Отбасылық өміріме мүлдем көңілім толмайды
- (98) Басқа (ЖАЗЫҢЫЗ) _____
- (99) Жауап беруге қиналамын (ОҚЫМАҢЫЗ)

4. ОТБАСЫҢЫЗДАҒЫ ҰРЫС-КЕРІС КӨБІНЕСЕ ҚАНДАЙ СЕБЕПТЕРГЕ БАЙЛАНЫСТЫ БОЛАДЫ? (ҮШ ЖАУАПТАН АРТЫҚ ЕМЕС)

1. Материалдық жағдай, ақшаның жетіспеушілігі
 2. Тұрмыстық себептер
 3. Балаларды тәрбиелеу бойынша келіспеушіліктер
 4. Бірге уақыт өткізудің болмауы
 5. Ерлі-зайыптылардың біреуінің ауыр жұмысына байланысты жанжалдар
 6. Отбасының басқа мүшелерінің, туыстардың отбасы өміріне араласуы
 7. Ерлі-зайыптылардың біреуінің алкогольдік ішімдіктерді, есірткі заттарын пайдалануы
 8. Ерлі-зайыптылардың біреуінің опасыздығы немесе одан күдіктенуі
 9. Жыныстық қатынасқа қанағаттанбау
 10. Кез-келген отбасы мүшесінің эмоционалды тұрақсыздығы (ашуланшақтық, агрессивтілік)
 11. Ерлі-зайыптылар, ата-аналар мен балалар арасындағы қызығушылықтардың әртүрлі болуы
 12. Біздің отбасымызда ұрыс-керістер болмайды
- (98) Басқа (ЖАЗЫҢЫЗ) _____
- (99) Жауап беруге қиналамын (ОҚЫМАҢЫЗ)

5. ОТБАСЫҢЫЗДЫҢ НЕГІЗГІ МАҢЫЗДЫ ПРОБЛЕМАЛАРЫН КӨРСЕТІҢІЗ? (ҮШ ЖАУАПТАН АРТЫҚ ЕМЕС)

1. Материалдық (жалақының аздығы, ақшаның жетіспеушілігі)
 2. Тұрғын үй-тұрмыстық жағдайлар
 3. Білім беру саласында (ЖОО, колледждерде оқу ақысын төлеу мүмкіндігінің болмауы және т.б.)
 4. Балаларды тәрбиелеу мәселелері
 5. Отбасындағы міндеттерді бөлу
 6. Бірге демалу мүмкіндігінің болмауы
 7. Секциялардың, үйірмелердің балаларға қол жетімсіздігі
 9. Медициналық қызмет көрсетудің қол жетімсіздігі
 10. Жұмысқа орналасудың қиындығы
 11. Кәсіпкерлікті жүргізудегі проблемалар
 12. Тамақтану сапасы проблемасы
 13. Туыстардың отбасылық өмірге араласуы, бақылауы
 14. Алкогольге/есірткіге тәуелділік
 15. Құмар ойындарға салыну
 16. Отбасы мүшелерінің бірінің қол жұмсауы
 17. Балаларды физикалық жазалау
 18. Отбасы мүшелерінің моральдық-психологиялық зорлық-зомбылық көрсетуі
- (98) Басқа (ЖАЗЫҢЫЗ) _____
- (99) Жауап беруге қиналамын (ОҚЫМАҢЫЗ)

6. СІЗДІҢ ОТБАСЫҢЫЗ ҚАЛАЙ ТАМАҚТАНАДЫ? (БІР ЖАУАП)

1. Өте жақсы, біз азық-түлік өнімдерін сатып алудан қиналмаймыз
 2. Жақсы, біз сирек жағдайларда ғана азық-түлік өнімдерін сатып алудан қиналамыз
 3. Нашар, біз көбінесе азық-түлік өнімдерін сатып алудан қиналамыз
 4. Өте нашар, аш қалатын күндер де болады
- (98) Басқа (ЖАЗЫҢЫЗ) _____
- (99) Жауап беруге қиналамын (ОҚЫМАҢЫЗ)

7. КАРАНТИН ШАРАЛАРЫН ЕНГІЗУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ОТБАСЫҢЫЗДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ ӨЗГЕРДІ МЕ? (БІР ЖАУАП)

1. Біз бір-бірімізге жақын бола түстік
 2. Біз бір-бірімізбен СИРЕК ұрысатын болдық
 3. Біз бір-бірімізбен ЖИІ ұрыса бастадық
 4. Отбасымызда қатыгездік көрсету фактілері болды
 5. Ештеңе өзгерген жоқ
- (98) Басқа (ЖАЗЫҢЫЗ) _____
- (99) Жауап беруге қиналамын (ОҚЫМАҢЫЗ)

2. ОТБАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

8. ОТБАСЫҢЫЗДЫҢ НЕГІЗГІ ТАБЫС КӨЗІ НЕДЕ? (КЕЗ КЕЛГЕН ЖАУАП САНЫ)

1. Жалақы есебінен күн көреміз
